Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

**НАУРЫЗ – ТҮБІНДЕ БІЗДІҢ ЖАҢА ЖЫЛЫМЫЗҒА АЙНАЛАДЫ**

2-бет

**ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚАШАНҒЫ ҚОРЛАНАДЫ?**

5-бет

**МАТЕРИ – ПУТЕВОДНЫЕ ЗВЕЗДЫ МУГАМИЛЫ АУЕЗОВОЙ**

12-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ

QAZAQ UNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz || qazaquni2000@gmail.com || 2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады || №12 (778), 26 наурыз, 2018


# БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДЕ

## ЖОЛ ЖҮРУ ҚАУІП-ҚАТЕРІ НЕГЕ ЖОҒАРЫ?

Қазіргі техника жедел дамыған мына заманда күнделікті тұрмысымызға аса қажет біздегі жол жүру ережесін қабылдау ежелгі ертегі-аңыздардан да асып түсіп, үлкен «жыр-дастанға» айналғаны әлі есімізде. Бір ғана көліктегі балаларға арналған орындық мәселесі кем дегенде жарты жылға созылған дау-дамайға ұласып, қатардағы жүргізушілер мен ала таяқтарынан айырылған жол бойындағы шенділер түгіл, Мәжіліс депутаттарының да миына айтарлықтай салмақ салып, жүйкелерін жұқартқан-ды...

3 бет

## ДАЛА ЭТИКАСЫ

немесе батыр Бауыржан сабақтарынан

Ата қандай тақырыпты бастаса да, мәресіне жеткізіп, тиянақтамай қоймайды.
Кеше басталған сәлем жайлы әңгіменің де аяғы сұйылмай жалғасатынына күмәнім жоқ еді...

8-9 бет

## ҚАЗАҚТАР ТОЙ ДӘСТҮРІН ҰМЫТЫП БАРАДЫ

Көктем келіп, күн жылына бастағалы той-томалақ та қыза түсті. Рас, темірдей тәртібі бар кеңес өкіметі құлағалы, тойханалар пайда болғалы тойшыл қазаққа күнде той. Баяғыда өзбектер аптаның ортасында қалай той өткізеді деп таң қалушы едік, кәзір сол кеп өзіміздің басымызға келді. Себебі, той өткізу үшін тойхана керек, ал, қанша жерден «бүгін тойханалардың дәурені жүріп тұр, күніге бір жаңа тойхана салынады, не көп – тойхан көп» десек те тойханаларда алдағы екі-үш айға дейін сенбі-жексенбі бос емесін көреміз...

7 бет

## Ұлыстың Ұлы күні ұлықталды

16 бет

## ПОЧЕМУ КАЗАХСТАН БУДЕТ ТОПИТЬ КАЖДЫЙ ГОД

Который год Казахстан заливает большая вода, и каждый раз власти не делают адекватных выводов и действий! Каждый раз местные власти находили какие-то причины наводнений, выделяли немалые средства и людские силы, возводили новые дамбы, которых смывало водой, восстанавливали разрушенные дома, но от этих мероприятий водная проблема не разрешалась, население по-прежнему страдает от нее, а экономика страны несет большие убытки...

10 бет

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

# НАУРЫЗ – ТҮБІНДЕ БІЗДІҢ ЖАҢА ЖЫЛЫМЫЗҒА АЙНАЛАДЫ

**Ұлыстың ұлы күніне арналған Астанада өткен ауқымды шарада ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев барша қазақстандықтарды Наурыз мейрамымен құттықтады.**

«Құрметті отандастар, келе жатқан көктем мен жақсылықтың мерекесі – Наурыз мейрамы барша қазақстандықтарға құтты болсын! Бұл ұзақ қыстан кейін, аяз бен бораннан кейін асыға күтетін мерекеміз. Енді Наурызды үш күн тойлайтын боламыз. Бағзы заманнан келе жатқан мереке Тәуелсіздікпен бірге қайта оралды. Міне ки, Тәуелсіздікті алғалы бері осы Наурызды атап келе жатырмыз. Түбінде бұл біздің негізгі жаңажылдық мерекеміз болады. 1-қаңтарды І-Петр Батыс Еуропадан алып келген еді. Оны да тойлаймыз. Бірақ біздің негізгі мерекеміз күн мен түннің теңелетін, табиғаттың барлығы оянатын кез», – деп атап өтті Н.Назарбаев «Жаңарған жер, бақ қонған нұрлы ел» атты мюзиклді тамашалағаннан кейін тілшілерге берген сұхбатында.

Мемлекет басшысының айтуынша, Тәуелсіздік жылдары ішінде біраз шаруа атқарылды. Бұның барлығы халық бірлігі арқасында іске асып отыр. Әлемде болып жатқан өзгерістерге байланысты жаңару, технологиялық даму, рухани жаңғыру және тағы басқа бағдарламалар қолға алынды. Бес әлеуметтік бастама да қарапайым халықтың жағдайын жақсартуға арналған. Себебі оның ішінде арзан ипотека, жатақхана салу, табысы аз адамдарды салықтан босату, газдандыру сияқты маңызды мәселелер бар. «Осы уақытқа дейін Қазақстан әлемге кеңінен танылды. Елдің бірлігі мықты болғандықтан, мемлекеттің абыройы артып келеді. Болашақта осыны ұстануымыз қажет. Себебі елдің бірлігі, бір жұдырық болып жұмылуы – болашақ табыстарымыздың көзі болып саналады», – деп атап көрсетті Президент.

# ПАРА БЕРУ АЗАЙЫП КЕЛЕДІ

**ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаев сыбайлас жемқорлықпен күресте дін өкілдерінің де айтарлықтай көмегі болатындығын ерекше атап өтті.**

«Сыбайлас жемқорлық қоғамда ең масқара құбылыс ретінде, адамгершіліктің, халықтың ар-ұятына нұқсан келтіретін, болашақ ұрпақтың әл-ауқатына зиян келтіретін жайт ретінде қабылданса, онда адамдар арасында пара беру мен алу оқиғалары айтарлықтай сирек кездесер еді. Осы мақсатқа жету бағытында шығармашылық зиялы қауымның, мәдени әрі білім беру мекемелерінің, БАҚ-тың рөлі елеулі. Сонымен қатар, бұл проблеманы шешуде дін өкілдері де зор үлес қоса алады, себебі барлық дінде пайдакүнемдік пен парақорлықты күнә ретінде бағалайды», – деді Алик Шпекбаев интернет-конференция барысында қойылған сауалға жауап бере отырып. Оның сөзіне қарағанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысқа бүгінде азаматтық қадағалауды дамытудағы агенттіктің жобаларына ел тұрғындары мен қоғамдық ұйымдар көптеп тартылуда. « Осындай шаралар барысында Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейі төмендеп келеді. Адамдар арасында параны алу мен беру үрдісі азайғанын байқап отырмыз», – деді Алик Шпекбаев.

# ТЕГІН ДӘРІЛЕРДІҢ САТЫЛҒАНЫ АНЫҚТАЛДЫ

**Тегін берілуі тиіс дәрі-дәрмектің 20 пайызы сатылатындығы анықталды. Бұл туралы Үкімет отырысында «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының өткен жылдағы қорытындысын шығарған ҚР Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтың өзі мәлімдеді.**

«Халықты дәр-дәрмекпен қамтамасыз ету жағдайын талқылау кезінде бірқатар жүйелі проблемаларды анықтадық. Қаңтар-ақпан айларында министрлікке дәрілік қамтамасыз ету бойынша 600-ден астам өтініш келіп түсті. 2017 жылдың соңында тегін дәрілер алған кейбір пациенттерге іріктеліп қоңырау шалынған болатын. Жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде олардың шамамен 20 пайызы дәрі-дәрмекті алмағаны анықталды. Ал ақпараттық жүйеде бұл пациенттер препаратты алған деп тіркелген. Осының негізінде министрлік қазіргі уақытта жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, елдің барлық өңірлерінде медициналық ұйымдарда жоспардан тыс тексеру жүргізуде. Нәтижелері бойынша проблемаларды жою, ал кейбір жағдайларда тәртіптік жаза қолдану бойынша қосымша шаралар қабылданатын болады», – деді министр. Министрдің сөзіне қарағанда, бүгінгі күні тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін жылдық қажеттілігінің 95 пайызы сатып алынған.

Дәрілердің мемлекет есебінен сатып алынатынына ешкімнің күмәні жоқ. Мәселе тегін дәрілердің науқастарға нақты жетуінде болып отыр, Сондықтан осы бағыт бойынша бақылауды тұрақты жүргізу қажет.

# АЛШАҢ БАСҚАН ӘКІМДЕР АРЗАН КӨЛІКТІ МЕНСІНБЕЙДІ

**Елбасының әкім атаулыға шетелдік қымбат көліктердің орнына отандық, өзімізде шығарылған техникаларды пайдалану керектігі туралы әлденеше рет айтқан ескертулері біздің шенеуніктердің бір құлағынан кіріп, екінші құлағынан шығып кеткен секілді.**

Баспасөз бетіндегі таралған ақпараттарға қарасақ аймақтардағы әкімдер бір-бірінен қалыспай қымбат қызметтік көліктер сатып алып жатқаны туралы айтылып жатыр. Халыққа сапалы қызмет көрсету емес, қымбат көлік мінуден өзара жарысқа түскен сыңайлары бар. Көліктердің ең арзан дегені 20 миллионнан асып түседі екен. Осыншама аса қымбат көлік мінетіндей олардың халыққа қандай қызметі өтіп кетті екен?

Аймақтарда алшаң басқан біздің шенеуніктердің мұндай мырзалығы Астанадағы Парламенттің де құлағына жеткен болатын. «Машиналарды сатып алудағы баға айырмашылығы бес миллион теңгеден де асып жығылады. Мәселен, Павлодар қаласы әкімінің аппараты «Toyota Land Cruiser 200» машинасын сатып алуға деп 20 миллион теңге белгілесе, ал Қостанай облысының Әулиекөл ауданы әкімінің аппараты одан асып түсіп, 25 миллион 125 мың теңге бөлген» – дейді Мәжіліс депутаты Кеңес Әбсаттаров.

Әрине, әкімдер ол ақшаны өздерінің қалтасынан шығарып жатқан жоқ, бәрі де сол баяғы халықтың қаржысы. «Осындай қымбат көлік мінетіндей еліме еңбегім сіңді ме?» деген сұрақ олардың жұмыр басына кіріп те шықпайтыны таңғалдырады. Осы біз, соншалықты тұйық, таяз ойлы әкімдерді қайдан тауып аламыз?...

# САНЫ БАР ДА, САПАСЫ ЖОҚ КООПЕРАТИВТЕР КӨБЕЙІП КЕТТІ

**Үкіметтің кезекті отырысында Ауыл шаруашылығы министрлігі ірі және ұсақ кооперативтерді біріктіріп, осы саладағы жұмысты жаңаша жүргізуді ұсынды. Себебі шағын шаруашылықтарды біріктіреміз деп ұрандатып жүргенде саны бар да, сапасы жоқ кооперативтер көбейіп кеткен.**

ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Арман Евниевтің айтуынша, кооперативтердің қызметіне жасалған зерттеу маңызды мәселені анықтады. Бүгінде 851 кооперативтің ішінде тек 491 ұжым ғана қажетті техникамен жабдықталып, ағымдағы жыл ішінде өнім өндіруге дайын. Ал 360 кооперативте тиісті құрал-жабдықтар болмай шықты. «Өкінішке қарай, жағдайды «саны бар, сапасы жоқ» деп айтуға тура келеді. Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдарға жаңа кооперативтерді тіркеу бойынша индикаторларды белгілеу практикасын жалғастыру орынсыз деп есептейміз. Бұл ретте облыс әкімдері құрылған кооперативтердің жобалық қуаттылығына шығуын қамтамасыз етуі керек. Сондай-ақ, жұмысына кіріспеген ауыл шаруашылығы кооперативтерінің одан ары қарай жұмыс істеу қабілеттілігін анықтауды аяқтауымыз қажет. Бұдан басқа, қазіргі уақытта көптеген кооперативтер өндірілген өнімді өткізу, дайын өнімнің технологиясы мен қауіпсіздігі саласында арнайы білімнің болмауы, сонымен қатар, негізгі және айналым қаражатының болмауы проблемаларына тап болып отырғанын назарға ала отырып, «зәкірлік» ауыл шаруашылығы кооперациясын құру моделін қолдануды ұсынамыз. Бұл ірі және ұсақ агроөнеркәсіп кешенінің субъектілерін экономикалық тұрғыда біріктіруге мүмкіндік береді. Республикада қазірдің өзінде ондай бірігу жобалары бар», – деп атап көрсетті А.Евниев.

# БАСПАНАНЫҢ ҚЫМБАТТАУЫНА ЖОЛ БЕРМЕУ КЕРЕК

**«7-20-25» бағдарламасында өңірлердің жаңа және ескі тұрғын үйлерін қоса отырып, нарықтағы сұраныс пен ұсыныстың үйлесімін табу керек. ҚР ҰЭМ «Экономикалық зерттеулер орталығында» өткен дөңгелек үстелде Әлемдік экономика және саясат институтының жетекші сарапшысы Айжан Мұқышбаева осындай пікір білдірді.**

«Қазіргі таңда сарапшылардың арасында көп талқыланып жатқан мәселе – осы 7 пайыздық мөлшерлеме үйдің бағасының қымбаттауына алып келуі мүмкін. Сол себепті, бүгінгі күні менің ұсынатыным – бағдарламаны өңірлік тұрғыда қарастыру керек. Яғни, Қазақстанда 14 облыс пен екі ірі қала бар. Әр өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына, халықтың сатып алу қабілеттілігіне байланысты қарастыру керек деп ойлаймын», – деді Айжан Мұқышбаева. Оның айтуынша, ипотека портфелін қарайтын болсақ, ондағы 50 пайыз несиелер Астана мен Алматыға тиесілі, ал қалған өңірлердің үлесі одан төмен. «Астана мен Алматы қалаларында аталған бағдарлама бойынша берілетін ипотеканы тек жаңа үйлерге берілетіндей етіп несиені шектеу керек деп ойлаймын. Себебі, ол бағалардың өсіп кетуіне әкелуі мүмкін. Ал қалған өңірлерді тек жаңа үйлермен шектелмей, бұрынғы үйлерді де қоса отырып, сұраныс пен ұсыныстың үйлесімін табу керек. Өйткені, Астана мен Алматыда құрылыс қарқынды жүргенімен, басқа өңірлерде салынып жатқан жаңа үйлер аз. Сондықтан, бұрын салынған үйлерді де қоса отырып, өңірлердің арасында дифференциялды саясат жүргізу керек», – деді Айжан Мұқышбаева.

# АЯН ЕЛ АБЫРОЙЫН АСҚАҚТАТТЫ

**Таяуда Түркияның Анталия қаласында дзюдодан жасөспірімдер арасында Европа кубогын сарапқа салған жарыс өтті. Бұған «кәрі құрылықтың» ең мықты деген спортшылары қатысып, өз өнерлерін көрсетті.**

Аталмыш додада біздің жастарымыз биік тұғырдан көріне білді. 81 келі салмақ дәрежесінде бақ сынаған Алматы облысының дарынды балаларға арналған спорт мектебінің оқушысы Аян Байғазы чемпион атанды. Әлем көз тіккен осынау жарыста өрендеріміздің оқ бойы озық шығуы жаттықтырушысы Рихман Найманхановтың және дзюдодан жасөспірімдердің Қазақстан Республикасының бас бапкері Ғайнулла Есенәлиевтің еңбегі зор екендігін атап өткеніміз жөн. Осы тұста Аянның қазақ атын әлемге танытуға Алматы облыстық мәслихатының депутаты, Еңбекшіқазақ ауданының Құрметті азаматы Жангелді Осановтың демеушілік еткендігін ризашылықпен айтуымыз керек.

Үлкен спортта жоғары көрсеткіштерге жету үшін алдымен еліміздегі жастар спортын дамытуға ерекше көңіл бөлу қажет. Мемлекет пен қоғам тарапынан қолдау болса жастарымыз талай дүбірлі жарыстың дүлділі атанары сөзсіз.

## ПРЕМЬЕР-МИНИСТР БАҚЫТЖАН САҒЫНТАЕВТЫҢ НАЗАРЫНА!

**Қазіргі техника жедел дамыған мына заманда күнделікті тұрмысымызға аса қажет біздегі жол жүру ережесін қабылдау ежелгі ертегі-аңыздардан да асып түсіп, үлкен «жыр-дастанға» айналғаны әлі есімізде. Бір ғана көліктегі балаларға арналған орындық мәселесі кем дегенде жарты жылға созылған дау-дамайға ұласып, қатардағы жүргізушілер мен ала таяқтарынан айырылған жол бойындағы шенділер түгіл, Мәжіліс депутаттарының да миына айтарлықтай салмақ салып, жүйкелерін жұқартқан-ды...**

# БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДЕ
# ЖОЛ ЖҮРУ ҚАУІП-ҚАТЕРІ НЕГЕ ЖОҒАРЫ?

Құдай біледі, Мәжілістің соңғы он жылында дәп осы сияқты бірде-бір заң жобасы қызу талқыланған жоқ шығар. Өйткені ҚР Ішкі істер министрлігі дайындап әкелген өзгертулер мен толықтыруларға арналған жаңа заң жобасы жұмсартып айтқанда санаға сыйымсыз, қолданысқа мүлдем қолайсыз, сыңаржақ құжат болатын. Әсіресе біздегі аспандаған айыппұлды қаржы жұмсалады. Жыл бойы қайта-қайта жөндеуге жұмсаған сол ақшаға американдықтар аузын ашып қалатындай сапалы жол жасауға болушы еді. Жаңадан салынған жолдар да жарты жыл өтпей жөндеуді қажет етеді. Бір ғана мысал келтіре кетейік, Алматыдағы Ақын Сара, Бауыржан Момышұлы көшесімен өтетін айналма жол пайдалануға берілгеннен бері жыл сайын жөндеуден көз ашқан жоқ. Дәп қазір де жөнделіп жатыр. Біз салған жап-жаңа жолдың сиқы осындай. Ал, осыған қарап елу жыл болған ескілері туралы не айтуға болады? Сонда бізде жолға лақтыратын артық ақша болғаны ма? Жол құрылысында неге сапа жоқ? Өйткені «тендер» атты тажалдан бастап бөлінген қаржы жолшыбай тоналады. «Жолға бөлінген қаржы жүз пайыз өз мақсатында жұмсалды» деп бірде-бір әкім немесе осыған жауапты министр құран ұстап ант-су іше алмайды. Әрине, егер Құдайдан қаймығатын болса. Оған да бір мысал келтіруге болады. Республикалық жолдарды қыста қардан тазартып, жазда жөндеу жұмыстарын жүргізуге деп бюджеттен бөлінген қыруар қаржыны талан-таражға салғанын жасырып қалмақ болған «Қазавтожолдың» бұрынғы басшысы, Мәжілістің экс-депутаты Серікжан Мұқашев жақында үш жылға бас бостандығынан айырылып, 2 млрд. теңге қазынаға қайтару міндеттелді. Өзі қылмыс жасап қана қоймай Есеп комитетінен тексеруге келгендерге 16 млн. теңге пара беріп оларды да түрмеге отыруға мәжбүр етті.

Құрылысқа кім тапсырыс беріп, аяқталған соң оны кім қабылдап алады? Олар неге жұмыс сапасына назар аудармайды? Қаржыға жауапты құзырлы органдар мемлекет ақшасының қайда кетіп жатқанына неге бақылау жасамайды? Әлде олар да өз «үлестерін» алып, көздерін жұмып қарай ма? Жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиісті полиция басшылары неге осы мәселені жергілікті және жоғары билік алдына қоймайды?

Екіншіден, қалааралық, әсіресе қаланың өзінде қоғамдық көліктердің қатысуымен болатын апаттар жиілеп кетті. Қазір қоғамдық көлікке мінген адам жанын шүберекке түйіп, үйіме аманесен жетсем екен деп үрейленіп отырады. Алматыда жолдан шығып арыққа түсіп, көшедегі ағашқа соғылған автобустарға тұрғындар талай рет куә болды. Жоспар орындап молырақ ақша тапқысы келген жүргізушілер қала көшелерінде бәйге ұйымдастырып жарысқанда қасында келе жатқан көліктер қайда кетерін білмей қалады. Сөйтіп апаттық жағдай тудырады.

Мәселе апаттардың алдын алуда болып отыр. Көпшілікке қызмет көрсетуге тиісті көлік кәсіпорындары жеке адамдардың қолында. Сол автобус парктерінің техникасы ескірген. Жаңадан техника алса да ақаулары көп болып шығады. Өйткені солардың көбісі Қытайдан алынған сапасыз, арзан көліктер. Жүргізушілерінің кәсіби деңгейі де өте төмен. Оларды көшеден ұстап әкеліп рульге отырғыза салатынға қатты ұқсайды. Тұрғындардың өміріне қатер төнеді деген ой кәсіпорын басшыларын мазаламайды. Ақтөбе облысында автобус өртеніп, елуден аса адам мерт болған соң қоғамдық көліктерді біраз тексергенмен оның да «қызығы» тез тарқады. Тағы

да сол баяғыша науқандық іс болып қалды. Жолаушыларымыз жиі пайдаланатын қоғамдық көлікті тұрақты бақылауда ұстау деген атымен жоқ. Ал, жол ақысын қайта-қайта көтеруді талап ететін тасымалдау кәсіпорындарын қауіпсіздік мәселесі мүлдем толғандырмайды. Адамдарымызға лайықты, сапалы қызмет көрсету керек деген түсінік жоқ оларда. Жолаушыларды тасымалдау құқығын беретін тендерді қалай ұтып алып жүргендеріне таңғаласыз. Демек бұл жерде де тамыр-таныстық, жеңіл ұшынан жалғасқан жемқорлық бар деген сөз. Әйтпесе жергілікті әкімдік бұндай кәсіпорындарға жауапкершілігі жоғары істі қалай ғана сеніп тапсырып отыр?

Бұл — жолдарымыздағы орын алып жатқан қауіп-қатерге байланысты ең басты екі себеп. Енді осыған қосымша ретінде тағы да бірнеше кемшіліктерді саусақпен санап берейік.

1. Қала көшелеріндегі жол белгілері дұрыс қойылмайды. Оның біразы ағаш тасасынан көрінбейді. Әсіресе жазда жапырақ шыққан кезде оны көру қиын. Бұтақтарды кесіп отыруға тиісті мекемелер жұмыс істемейді. Сондықтан жол белгілерін көзге көрінетіндей етіп орналастыру қажет. Сол сияқты жаяу жүргіншілер үшін аспалы көпір салынса да «40» деген шектеуді көрсететін ескі жол белгілері қалып қояды. Ол өз кезегінде көліктің өту мүмкіндігін төмендетеді. Кейбір белгілер адам көргісіз, майысқан, бояулары өшіп, нені меңзеп тұрғанын бірден байқау қиын.

2. Қалада бағдаршам болмаса жол жүру мүлдем мүмкін емес. Көшенің бір қилысында тұрған бағдаршамдардың көрсетіп тұрған уақытында 2-3 секунд, тіпті одан да көп айырмашылықтар кездеседі. Ал, әрбір секунд бұл жерде үлкен маңызға ие. Бір бағыттағы қозғалыс бітпей жатып екінші бағыттағы көліктер бағдаршамның белгісімен жүріп кетсе апаттың көкесі сонда болады. Апат деген көзді ашып-жұмғанша өтетінін ескерсек бұл кемшіліктерді де түзету қажет.

3. Қазір әкімшілік полициясы жол бойында ғана емес, қаладағы түрлі тәртіп бұзушылыққа да жауап беруге міндетті. Мысалы, Алматының көшелерінің ортасында қайыршылар жол бермейді. Онсыз да кептелістен көз ашпайтын жолдарда жүрісті қиындатып, қол жайып тұратындарға полиция назар аудармайды. Сонда олар полициядан арнайы рұқсат алған ба? Жолдағы көлік қозғалысына кедергі келтіретін қайыршылармен күресті кім жүргізуге тиісті?

4. Біздің шаһарлардағы көшелердің басым бөлігі осыншама көлік нөпіріне есептелмеген. Қалада көлікті қоятын орын табу үлкен мәселеге айналды. Көліктұрақтардың жетіспеуінен жол жиегі бір босамайды. Сөйтіп онсыз да тар көшелер қоғалысты қиындата түседі. Сондықтан кез келген ғимарат құрылысын жобаламас бұрын көліктұрақ мәселесін алдымен қарастырған жөн.

5. Әдетте көлік шығаратын зауыттар өз өнімін түрлі сынақтардан өткізіп, халықаралық стандарттарға сәйкестендіреді. Соның ішінде бұрылуға белгі беру, тежегіш басқанда соған тиісті шамдар жанады. Түнде жарық беретін шамдар да белгілі бір ережеге сай болуға тиісті. Неге екені белгісіз, қалада осы қарапайым ережені ашықтан ашық бұзатындар көбейді. Мысалы түнде тым жарық жанатын қондырғыларды орнатып, қарсы келе жатқан жүргізушінің көзін қарықтырады. Соның салдарынан көлік қарсы бетке шығып кетеді. Бұрылатын белгі сары түстес болуға тиісті. Кейбіреулер оны тежегішті басқандағы қызыл түспен бірдей етіп алған. Сөйтіп оның тоқтайтынын не бұрылатынын айыра алмайсыз. Оған қоса тежегішті басқанда артқы шамдары жыпылықтап тұрады. Ол соңында келе жатқан жүргізушінің жанарына кері әсер етеді. Тағы бір мәселе — көліктің терезелерін (тонировка) көлеңкелеп алу. Сонда олар кімнен жасырынбақ? Бұл да белгілі бір дәрежеде жүргізушіге бөгет жасайды. Енді біреулер басы артық түрлі түсті шамдарды қосымша жасап алып жүреді. Бұл айтылған ескертпелер ұсақ-түйек көрінгенімен жол апатына апаруы әбден мүмкін. Сондықтан осы тектес ережелерді бұзғандарды ұстап, ескертіп, тіпті болмаса айыппұл салу қажет.

6. Айыппұл туралы дау-дамай болғанын білесіздер. Оны мүлдем алып тастауға болмайды. Біздің жүргізушілер жол жүру ережесін жиі бұзады. Оны мойындауымыз керек. Сондықтан жазалаудың бұл түрі әлі де сақталғаны жөн. Бұл бағытта көптеген жеңілдіктер жасалды. Айыппұлды бір жұмада төлесе жарты құны түсірілетін де жеңілдік бар. Бірақ, төлейтін түбіртек қағаздар поштамен тым кеш жетеді. Кейде бірнеше айдан соң жететіні бар.

7. Кезінде Елбасы қала, облыс әкімдеріне көліктерімен жүргенде алды-артына полиция қызметкерлерін салып жүрмеуді қатаң ескерткен-ді. Өйткені полиция көліктері көше жолдарын жауып, өзге көліктердің қозғалуына бөгет жасайды. Өкінішке орай, Елбасының бұл ескертуін елеп жатқан әкімдерді көрмедік. Мысалы, Алматы қаласының әкімін айтпағанда орынбасарларының өзі полиция көліктерін ертіп жүргенді ұнатады. Бұл өзгелерге мен келе жатырмын деп қыр көрсетуіне ұқсайды. Сонда олардың жаны өзгелерге қарағанда тәтті болғаны ғой. Әлде қоғамдық көлікте келе жатқан 50-60 адамдардан олардың өмірі қымбат па?..

8. Тағы бір өте маңызды мәселе - бізде жол апатының себебімен емес, салдарын ғана санап, айыппұл салумен ғана шектеледі. Түсіндіру жұмыстарымен мүлдем айналыспайды. Анда-санда, оқу жылы басталғанда мектептерге барып акциялар өткізгені болмаса басқа ештеңе бітірмейді. Жол бойынан айыппұл толтырып жатқан шенділерді ғана көреміз. Соған қарап оларды жол қауіпсіздігі полициясы емес, салық комитетінің бір бөлімшесі деп есептесек қателеспейміз. Түсіндіру жұмыстарына телеарналар мен газеттерді пайдалануды білмейді. Бізде жүргізуші мәдениеті қалыптаспаған. Содан да болар, кейбір деректерге сүйенсек орта есеппен жылына 16 мыңдай түрлі жол апаты орын алып, үш мыңдай адам мерт болады екен. Осы бағытта толып жатқан телеарналарда арнайы бағдарлама ашылып, халыққа мамандар түсінік беріп жатса шетелдік сериалдарға қарағанда пайдасы көбірек болар еді.

Осы жерден тоқтайық, жол жүру қауіпсіздігіне қатысты кемшіліктерді санай берсек оған біздің саусағымыз жетпейді. Қалай десек те осы аталған ескертпелерді жедел түрде түзетуіміз керек. Өз адамдарымыздың өмірін өзіміз қорғауға міндеттіміз, осыны ұмытпайық.

2-3-бетті дайындаған
**Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ**

# «АК ЖОЛ»: ПОМОГИТЕ ПОСТРАДАВШИМ ОТ ПАВОДКОВ В РЕГИОНАХ!

**«Ак жол» обратился к Правительству с просьбой о поддержке граждан, пострадавших от паводков в регионах – соответствующий депутатский запрос был озвучен 14 марта Азатом Перуашевым.**

Запрос был подготовлен в связи с наводнениями в целом ряде регионов страны от Восточного Казахстана до Заилийского Алатау.

«Масштабы ущерба в очередной раз огромные, десятки семей лишились самого необходимого и просят о помощи. Простые граждане и НПО по всей стране собирают средства в этих целях», – говорится в запросе.

Руководитель фракции «Ак жол» выразил уверенность, что Правительство и в этот раз не оставит на произвол судьбы наших граждан.

В то же время, он подчеркнул важность внедрения инструментов страхования жилья от стихийных бедствий. Кроме того, Перуашев отметил необходимость привлечения чиновников к ответственности за выделение участков для жилья в опасных зонах.

«Нужно создавать условия, при которых страховать жильё было бы выгоднее, чем жить под постоянной угрозой очередного наводнения.

А отводить участки для жилищного строительства в паводкоопасных зонах было бы для чиновников дороже, чем брать за это взятки», – сказал он.

*14 марта 2018 года, пресс-служба ДПК «Ак жол»*

# КОГДА НАЦБАНК НАЧНЕТ СТРАХОВАТЬ ОТ СТИХИЙНЫХ БЕДСТВИЙ?

**«Ак жол» раскритиковал Нацбанк за бездействие в продвижении страхования от стихийных бедствий – соответствующий депутатский запрос был озвучен 14 марта Азатом Перуашевым.**

«На открытии текущей сессии Парламента 4 сентября 2017 года Глава государства поставил задачу развивать рынок страхования, отметив, цитирую: «В нашей стране надо развивать страхование, поднимать уровень и доступность страховых услуг».

Прошло уже более полугода после этого поручения, но ни Правительство, ни Нацбанк, так и не внедрили меры по продвижению страхования, которое во всём мире является важной составной частью финансового рынка», – отмечено в запросе.

Об актуальности этой темы «акжоловцы» вынуждены снова говорить на фоне нынешней ситуации с наводнениями в целом ряде регионов страны от Восточного Казахстана до Заилийского Алатау: десятки семей нуждаются в помощи.

«Эта ситуация с завидной постоянностью повторяется из года в год. И каждый раз весна приходит «неожиданно» и внезапно тают снега и идут дожди. И каждый раз потом мы требуем денег у государства», – сказал Перуашев и отметил, что такой подход – это пример бесхозяйственности и непрофессионализма чиновников.

В то же время в «Ак жоле» считают, что давно необходимо внедрять рыночные механизмы для компенсации ущерба и смягчения последствий в подобных ситуациях.

«В конце концов, каждый из нас должен не только требовать помощи у других, но и разделять ответственность за собственное имущество и собственную безопасность. Тем более, что рыночные институты страхования в международной практике дают широкий выбор соответствующих инструментов», – подчеркнул лидер «Ак жола».

В «Ак жоле» считают, что Нацбанк как регулятор финансовой системы, не уделил должного внимания сентябрьскому поручению Президента о развитии системы страхования и сосредоточился исключительно на проблемах банковского сектора.

«Нацбанк должен не просто наблюдать со стороны за рынком страховых услуг, а играть активную роль в его развитии, изучать и внедрять передовой международный опыт, подталкивать страховые компании к расширению линейки инструментов, с учётом рисков и финансовых возможностей населения», – уверен Перуашев и напомнил, что 2 года назад Минюст заявлял о разработке законопроекта по обязательному страхованию жилья от чрезвычайных ситуаций, но такой законопроект так и не появился.

«С учётом реального положения многих семей, более продуктивным было бы не принуждение, а осознанное вовлечение граждан в этот процесс. При этом огромная роль по стимулированию населения и страховых компаний, разъяснительной работе, повышению финансовой и страховой грамотности простых казахстанцев лежит на Нацбанке. Нужно создавать условия, при которых страховать жильё было бы выгоднее, чем жить под постоянной угрозой очередного наводнения», – добавил Перуашев.

В этой связи, фракция ДПК «Ак жол» просит Правительство и Нацбанк организовать работу по развитию рынка страхования от стихийных бедствий с учетом реальных возможностей граждан.

Кроме того, в «Ак жоле» уверены, что так же необходимо широкое продвижение страховых механизмов и в других областях, включая сферу материальной ответственности предпринимателей, хеджирование валютных рисков, фондовых операций, действительное (а не номинальное) медицинское страхование и т.д.

ДПК «Ак жол» и ее парламентская фракция продолжают работу по реализации предвыборной программы и защите интересов своих избирателей.

*14 марта 2018 года, пресс-служба ДПК «Ак жол»*

# «АК ЖОЛ»: МИНФИН ПОДТВЕРДИЛ ОФШОРНЫЕ СХЕМЫ МВД

**Минфин подтвердил факты нарушений в сфере госзакупок, приведенные «Ак жолом» в запросе об офшорных схемах МВД.**
**В запросе от 29 ноября 2017 года депутаты фракции привели информацию СМИ, согласно которой все стационарные скоростемеры в Уральске устанавливает и обслуживает ТОО «Научно-технический Центр Новые Проекты», владельцем которого является компания «Midagi Holding LTD», зарегистрированная на Кипре – крупнейшей оффшорной зоне в мире.**

«Есть основания предполагать, что ТОО «Научно-технический Центр Новые Проекты» выступает лишь прикрытием участия в госзакупках для офшорной компании, клиентами же ТОО являются департаменты внутренних дел сразу в 13 регионах, что порождает обоснованные вопросы о системном проникновении офшорных схем в деятельность МВД», – отмечалось в запросе ДПК.

Напомним, что для противодействия таким схемам хищения госсредств, «Ак жол» неоднократно предлагал меры по деофшоризации нашей экономики – соответствующие запросы на эту тему направлялись 3 апреля и 25 сентября 2013 года, 16 апреля 2014 года, 13 мая 2015 года, 11 мая 2016 года, 27 сентября и 15 ноября 2017 года.

В этой связи фракция «Ак жол» потребовала проверить все сделки по госзакупкам, совершённые с указанным ТОО, провести тотальную сверку конечных собственников всех поставщиков в системе госзакупок.

Кроме того, «акжоловцы» в очередной раз настоятельно предложили ввести запрет на участие в госзакупках и закупках квазигоссектора подрядчиков и поставщиков, имеющих среди своих учредителей офшорные компании, а также на получение ими государственных мер поддержки, включая субсидирование, налоговые льготы и т.п.

Депутаты «Ак жола» уверены, что такие меры могут стать реальными шагами по деофшоризации и сыграют крайне позитивную роль в обеспечении честной конкуренции на рынке и в защите национальных интересов Казахстана.

Как стало известно из ответа Минфина, в ДВД по областям и г.г.Астана и Алматы проведены аудиторские проверки по вопросу законности заключения договоров с ТОО «Научно-технический Центр Новые Проекты», ТОО «СМЭУ Астана», которые подтвердили указанные в запросе факты.

«По результатам аудиторских мероприятий установлены нарушения на общую сумму 729 578,0 тысяч тенге, в том числе финансовые на сумму 44 659,8 тысяч тенге, процедурные 262 274,5 тенге, нарушения процедур госзакупок на сумму 412 861,5 тысяч тенге», – отмечено в официальном письме за подписью министра Султанова.

В ответе Минфина приведены нарушения норм законодательства о госзакупках в разрезе региональных ДВД.

*13 марта 2018 года, пресс-служба ДПК «Ак жол»*

# ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚАШАНҒЫ ҚОРЛАНАДЫ?

**Алматыға жол түсіп, №43 пойызға билет алдық. Билет алу үшін әдеттегідей теміржол вокзалының кассасына емес, терминалға жүгінген едік. Терминал түймешігін басып, мемлекеттік тілдегі қызметті таңдасақ та, алған билетіміздегі мәлімет үш тілде жазылған екен. Қош алдық. «Қазақстан азаматтарына үш тілді үйрету мақсаты болар», дедік. Бірақ, билеттегі жазуды көзімізбен шолып өткенде, көңіліміз су сепкендей басылды.**

Шет тілі болғандықтан ағылшынша жазылған бір-екі ауыз сөз туралы ештеңе айта алмадық. «Алдымен өз ана тіліміздегі сөздің сауатты жазылуына көңіл бөліп алайық» дедік. Орыс тілінде жазылған сөздер мен сөз тіркестерін жазуда мін жоқ, ал мемлекеттік тілдегі жазу сауатсыз, қалай болса солай жазылған.

Тасымалдаушының атауы да «ТОО ТУРКСИБ АСТАНА» екен. Бұл тасымалдаушы серіктестік өз атауын мемлекеттік тілде жазуға болмас па еді? Қазақстанның Әділет органдары қазақ атауларының қазақ тілі орфографиясы негізінде жазылуына көңіл бөлмейді. Көптің көзіне жиі түсетін және ел аузында жүретін мемлекеттік тілдегі атаулардың өзге тіл орфографиясы негізінде жазылуы – ұрпақ тәрбиесіне зиянын тигізіп-ақ келеді. Бір кездері ұн қабынан «УЛАН» ЖШС-і деген сөзді де көргенбіз. Енді «Улы дала» халқы болмай тұрғанда есімізді жисақ қайтеді? Әлде, мемлекеттік тілдегі атауды бұрмалап тіркеуге мүдделі біреулер бар. Орыс тілінің орфографиясымен жазғысы келсе, орысша атаулар-ды таңдамай ма? Қазақ сөздерін орыс тілі ережесімен жазғаннан не ұтамыз? Мәселен, еліміздің футбол командаларының ресми тіркелген атаулары: «Тобол», «Иртыш», «Есиль» т.т. екен. Оларды «Тобыл», «Ертіс», «Есіл» деп өзімізді өзіміз алдап жүрміз, өзге жұртқа күлкі болдық. Бұл елдің алдында үнемі «жалт-жұлт» етіп жүрген атаулар болғандықтан, өзге тіл ережесімен жазылған қазақ атаулары жас ұрпаққа мемлекеттік тілге деген теріс көзқарас қалыптастырмай ма? Халқымыздың ана тілін менсінбеуге, тіл тағдырына немқұрайды қарауға «шақырып» тұрған жоқ па?

Терминал арқылы билет сату мәселесіне қайта оралсақ. Бұл іске жауапты азамдар билеттегі қазақша сөздердің, сөйлемдердің жазылуына жүрдім-бардым қарағаны соқырға таяқ ұстатқандай көрініп тұр. Тіпті, қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне де пысқырмаған ба дерсіз. Қазақ тіліндегі сөздерді, сөйлемдерді, мәтіндерді сауатсыз жазу – мемлекеттік тілдің қадірін кетіру үшін қасақана жасалған іс сияқты көрінеді екен. Еліміз бойынша осындай сауатсыз жазулар өте көп. Әр қалада, аудан орталықтарында, әр ауыл мен кәсіпорында, көшелерде, сауда орындарында т.б. бар. Ол туралы жазып та жүрміз, сынап та жүрміз, бірақ түпкілікті өзгеріс байқалмайды.

Тіл қолданысына салдырсалақ қарайтындардың беті қалың ба, әлде ... «мейлі, күл болмасаң, бүл бол» деп, өз бетімізбен жүрмей, қайта-қайта осы мәселені көтере беретін біздің бетіміз қалың ба, білмедік. «Айта-айта Алтайды, Жамал апай қартайдының» кебі. Қазақстанның мемлекеттік тілін құрметтеген жандар осындай өрескел қателерге жол берер ме еді? Әрине, жоқ! Ешқашан сауатсыз жазбас еді! Соңғы мысалдағы сөйлемді әрі бері оқып, түк түсінбедік. «Сондай-ақ» деп қате жазғаны былай тұрсын, «Является» дегенді қазақша «табылады» деп аударған болған. «Бұл билет фискальды чек орнына жүреді (қолданылады)» деп қазаққа түсінікті жазуға болмас па еді?

Кейбір кеңселерде: «Мемлекеттік тілге аудара сал. Прокуратура тексергенде, «қазақша нұсқасы жоқ» демесе болды» дейді, бірақ: «Қазақша нұсқасы сауатты жазылған болсын!» деген талап қоймайды. Қазақ тілі – кеңседегі аудармашының тілі ғана болғандықтан, мәтіннің

Адам саны:
Жол жүру құжатының түрі:
Төсек орын жабдығы:
Тойызбен келуі:

Электрондық жол жүру құжаты /
Электронный проездной документ / Eticket №
0331075412032
Тасымалдаушы:
ТОО ТУРКСИБ АСТАНА
ЖСН: КЗХ БИН091040010015 СВ.СЕРИЯ62001 №017019
Т КЗХ27

Билетті сақтаңыздан өтінемізі
Сәтті сапар!
электронды жол жүру құжатына бөлек бөлінген, есептелг
датысты салық сомасы болып табылмайды. ҚҚС есебімен са
кодексінің 256 баб. 2к. (8-1 к.) сәйкес болатын келес
сыныстарды бір уақытта орындаса, яғни:
отырғызу талонының бар болуы
төлемді растайтын құжаттың бар болуы.
сондай-ақ бұл билет фискальды чек болып табылады

қазақша түсінікті болуына көңіл бөлінбейді. Мәтінді сөзбе-сөз аудару талабы қойылады. Құжатты тек прокуратураның тексерісіне арнап, қазақ тіліне аударған кеңселерде мемлекеттік тілдегі құжаттар папкасы тексеріске дейін ашылмайды да, сол күйі тап-таза болып жата береді.

Енді қайттік? Парламенттен пәрмен, не Үкіметтен Қаулы күтеміз. Қазақ халқының ана тілінде сауатсыз жазу елдің намысына тию, мемлекеттік тілді қорлау! Кириллицамен жиырма бес жылдан бері сауатты жаза алмасақ, латын әрпіне қалай көшеміз? Әлде сауатсыз жазудың «көкесін» сонда көреміз бе?

**Төлен РАМАЗАНҰЛЫ**
*Қарабалық ауданы, Қостанай облысы.*

# «ҮКІМ ЕТ» ПЕ, «СОТ» ПА? «ӨКІМ ЕТ» ПЕ, «ҮКІМ ЕТ» ПЕ?

**Қазақ тіліндегі осы уақытқа дейін түсініксіздеу болып келе жатқан сөздердің бірі «өкімет», сосын тағы бірі – «үкімет». Өте ұқсас сөздер. Кейде екеуі бір сөз шығар деп те ойлап қалуыңыз мүмкін. Бірақ анығына келсек, екеуінің арасы ат пен түйедей. Орыстың «правительство», одан «Дом правительства» деген сөзін бізде «Үкіметтер үйі» деп қотарып (аударып) алды. Бұл анықтама – көрсеткіш әу баста Алматыдағы зәулім үйдің кіреберіс маңдайшасында жазулы тұратын.**

Қазір Астана шаһарында үлкен ғимараттың алдыңғы жағында сондай жазу ілулі тұр. Ал енді «өкімет» деген сөз жалпы мемлекет деген сөз ретінде қолданып жүрсе де, оны көпшілік осы «үкіметпен» біріктіре айтуда. Сондықтан сол «өкімет» деген сөз әркімнің аузында ғана, кейде парақ бетінде өмір сүріп жүр. Тіпті, жиналыстарда, баспасөзде, жиындарда екеуара әңгімелерде «үкімет» пен «өкімет» сөзіне ешкім мән бермей, кезек пе кезек, араластырып қолдана береді.

Халық арасында мынадай да ұғым қалыптасқан. Яғни «өкімет» деген мемлекет те, «үкімет» сөзі соны басқарушы адамды білдіреді. Шынында, солай ма? Аз ғана зерттеу жүргізіп көрейік.

Әкімдердің іс қағаздарының ең мықтысы «өкім шығару». Әкімнің берген пәрмені қағазға түскенде «Пәлен ауданның немесе облыстың әкімінің өкімі» деп жазылады. Яғни мемлекеттік территория басшысы өкім шығарады, «өкім етеді». Егерде ол «өкім етсе» «өкім ет» болғаны да. Бұдан шығатын нәрсе мемлекет басшыларының барлығы, яғни «өкім» шығаратындар «өкімет» екен. Олай болса «үкім» шығаратындар – үкім ететіндер «үкімет» болмай ма?! Үкімді кімдер шығаратыны халыққа белгілі. Олар – соттар. Сот деген сөз әу баста орыстың «суд» деген сөзінен шыққан. Сол орыстың «суд» сөзі қазақшаға сіңіріліп, «үкімет» сөзі «сот» болып сөздік қорымызға орнығып алды. Оған мән беріп жатқан ешкім жоқ. Әлгі «сымтетік» «үнқағаз» деп күшеніп, әуреге түсіп, буынсыз жерге пышақ ұрып, қисынсыз, керек емес аудармамен айналысқаннан гөрі, әу бастағы өзіміздің төл қазақшамызды орынды қолдансақ жарасымды болар еді.

Сот демекші, қазір қарасаң үлкен қалаларда Сот мекемелерінің алдында Қазақтың аттары әйгілі үш билері – Төле баба, Қазыбек баба, Әйтеке бабалардың мүсіндері тұрады. Сонда бұл бабаларымыз қазақтың соттары яки үкіметі болған ба? Әй, қайдам, болмаған сияқты. Олар қазақтың билері болғаны ақиқат. Оны өздерінің «би» деген қосымшасынан білуге болады. Би билік айтады. Биліктің ауқымы кең. Ол заманда бидің атқарушылық міндетіне соттан гөрі Парламенттің міндеті көбірек жүктелген. Олардың міндеттері сот процесінен гөрі Парламент институтына жақын. Олай болса, үш бидің мүсінін сот мекемесінің алдына емес, Парламент ғимараттарының алдына облыс орталықтарында мәслихат кеңселерінің алдына қойған дұрыс болатын сияқты.

«Үкімет» деген сөз қазіргі қолданып жүрген «сот» сөзінің мағынасын берсе, «судья» сөзі де «үкімет» бола ма? Болмайтын сияқты. Себебі, қазаққа «судья» деген орыс сөзі келмей тұрып-ақ қазақтың ана тілінде «қази» деген сөзі болған. Қазір ол сөзді біреулердің есімдерінен ғана естиміз. Қазыбек, Құрманғазы... «Қази» сөзі жалпылама «қазы» болып қазақшаланған. Қази қызметінде істейтін адам қазіргі «судьяның» атқаратын міндеттерін атқарған. Үкімді солар шығарған. Біреулер қазиды прокурормен шатастырады. Бірақ қазақ тарихында прокурорлық қызмет болмаған сияқты. Екі жақ, яғни айыптаушы, шағым түсіруші жақ, және айыпталушы, қоғамдық ережені бұзушы жақтар болып олар қазыға жүгінген.

Қазіргі кезде орынымен қолдана алмай жүрген тағы бір сөз, бұл «уәлият» сөзі. Уәлиятты кезінде «уәли» басқарған. Уәлият – қазіргі өзіміз «қазақшалап» қолданып жүрген орыстың «область» сөзінің тікелей мағынасы. Патшалық Ресейге бағынып тұрған заманда «Дала уәлияты», «Түркістан уәлияты» «Жетісу уәлияты» т.с.с. болды. Тіпті «Дала уәлияты» деген газет те шығып тұрды. Жоғарыда келтірген уәлияттар ол кезде Орыс патшалығына қарайтын облыстар еді.

Енді қазіргі «облыс» сөзін уәлиятқа неге қайтып әкелмеске? Уәлиятты басқаратын басшы «Уәли» аталады. Ол қазіргі облыстық әкім. Қазір «Әкім» деген сөз анаған да мынаған да қолданады. Мұнда да қателер бар сияқты. Себебі ата-бабаларымыздың заманында «әкім» ауылды, қаланы, яғни адамдардың жиналған тобын басқарған. Аймақты (ол кездегі руластар аймағы) сұлтан басқарған. Ал бірнеше рулар жиынтығын, жайлауы мен қыстаулары көрші аумақты «уәли» басқарған. Сонда қазіргі облыстың әкімін «уәли» деп, ал аудан әкімін «сұлтан» деп өзгертсек, біз көнеден келе жатқан мемлекет екенімізді дәлелдей түсеміз, қазақы сөздеріміз қолданыста болады, қазақты отарлау кезінде пайда болған кірме сөздерден арылып, көңіліміздегі түйткіл бола беретін сонау құлдық дәуір ұмытыла түседі.

Сонымен қатар қазіргі «министрліктерді» уәзірліктер деп, «министрді» – уәзір, «премьер-министрді» – бас уәзір, «спикерді» – бас би, «депутаттарды» – билер деп атаса, қазақылығымыз артып, мемлекеттілігіміздің тарихы айқынданып, рухани жаңғыру одан сайын жанданар еді.

Әлбетте, мұның бәрі менің жеке пікірім.

**Әбдінағым КӨШЕРОВ,**
**Қазақстан Журналистер одағының,**
**Әлем халықтары**
**Жазушылар одағының мүшесі**

**Әлеуетіміз артып, озық технологиялардың мейлінше қарыштап күллі әлемді ғаламтор жаулап алған қазіргідей қысылтаяң кезеңінде өмір сүрудеміз. Қазақстан атты қуатты мемлекетті жер шарының бар түкпірі түгелдей біледі десек артық айтпағанымыз. «Болашақ» бағдарламасына сәйкес мемлекеттік грант есебінен қаншама қара көздеріміз Гарвард, Калифорния Оксфорд сияқты әлемнің ең үздік оқу орындарында оқып білім алуда. Шағын және орта кәсіпкерліктің мемлекеттік қолдауынын арқасында әл-ауқатымыз еселенуде. Бір сөзбен айтқанда хам-қарекеті бар, өз ісіне мығым адам бай қуатты болып жүрген жағдайы бар деуге толық негіз бар. Ол ол ма, әлемнің ең бай миллиардерлерінің қатарында жүрген қаншама қазақстандықтардың бар екені қазіргі күнде ешкімге де жасырын емес. Тіпті, мүліктерін аралдарға жасырған пысықайларымыз да бар дегенді де газеттен оқығанымызда жағамызды еріксіз ұстағанымыз есімізде. Үлкен шахарларда тұратын шынжыр балақ шұбартөс «шортандарды» былай қоя тұрып, өз ауданымыздың ішінде тамыры тереңге кеткен, ел арасында обырша етек жайған жайсыздықтар жайлы әңгімелегім келеді. Айтар кез келді. Себебі, мұны енді айтпасақ – кешігеміз. Осы орайда мол табысқа місе тұтпай бопсалаумен біршама көлденеңнен құралатын байлыққа қолы жетсе де, тасада тұрып тас атуға тас түйін дайын тұратын кейбір кездейсоқ кісімсінген кеудемсоқ адамдардың арамызда жүргеніне лажсыз қынжыласың.**

# АРЫЗҚОЙЛЫҚ АБЫРОЙ ӘПЕРМЕЙДІ

Қалайша қынжылмасқа, бір ауданда, тіпті бір қалада қатар өмір сүріп, қызметтес те, әріптес те, дос-жаран да, тіпті тату-тәтті қиыспайтын ағайындай да бола жүріп тырнақ астынан кір іздейтін, түкке тұрмайтын тірліктерді термелейтін кірпияз, кінәмшіл «тұлғасымақтармен» кездесе қалғаныңа қыжылың қайнайды. Көзің қарауытып, қан қысымың көтеріледі. Құсқың келеді.

2016 жылдың күзінде ауданымыздағы бір мекеме басшысының екі бірдей орынбасарының үстінен тұнып тұрған ойдан құрастырылған өтірік пен жалаға толы арыз ұйымдастырылды. Аталған арыздың иесі – мердігер мемлекеттік мекемеден 27 шақырым қашықтықта, ауданның шалғай қиыр түкпірінде тұратын, ешқандай мекемеде жұмыс істемейтін зейнеткер. Ол екі орынбасарды көзімен көрмеген, орынбасарларды мүлдем танымайтын адам болып шықты. Арыз жазуға тапсырыс беруші кез-келген адамды бір-біріне қарама-қарсы қоюдың хас шебері, шантаж ұйымдастырудың «дарабозы», «біртуар», «бірегей», бітім-болмысы «бөлекше» безбүйрек, бұрмамойын, бөктергі. Солай бола тұрса да, тапсырыспен арыз жаздыру барысында өрескел қателіктерге қалайша ғана жол беретінін байқамайтынына аң-таң боласын. Орынбасарларды таныса, білсе мердігері өліп кетсе де арыз жазбас еді ғой. Шағымда жазылған жәйіттердің ешқашан өз дәлелін тапқанын көрген емеспіз. Осы сәтте бөлім басшысына әуре сарсаң мен сергелдеңге түскен жүйкесі жұқарып жазықсыз жапа шеккен жандар жолыққанда ол аталған арыздың қысқарғандығын зәбірленушілерге жеткізді. Кісі жанына жара салу арқылы азаптаудан ерекше ләззат алатын адамдар да арамызда. Көлгірсіп көсемсінетін кісісымақ дүмшелерден көпшіліктің қасірет-қайғы көретінін барлығымыз да бір кісідей білеміз. Осы орайда, басқарманың бізге жолдаған хатында арыздың, тіпті тіркеуге алынбағаны айтылды. Сонда тіркеуге мүлдем алынбаған арыз бойынша тексеру жүріп, қаншама адамдар құры босқа тергелгенін қалай түсінген ләзім? Аты жоқ арызды тексеруге жіберуші орган басшысының бойкүйездігі мен немкеттілігіне таң қалмасқа еш шарең жоқ. Осындай сорақылыққа жол берілгені қалай? Иесі жоқ, авторсыз арыз бойынша қаншама бейкүнә байғұстардан жеке жауап алынды, әбден тергелді. Арызқойдың жаңа жорығы туралы тағы бір эпизод келтіре кетейікші. Бір басшының

екі бірдей орынбасары мен хатшысы арыз бойынша бес ай бойы әбден тергелді, армансыз соттасты. I деңгейлі аудандық сот пен II деңгейлі облыстық аппелияциялық сот істе қылмыстың құрамы болмағандықтан, сотталушыларды ақтады. Қазіргі кезде мекеменің кейбір қызметшілері мен жұмысшыларына жоғары жақтан тыңшылық жасауға арнайы (спецзаказ) тапсырма берілетінге ұқсайды. Бүгінгі таңда кез-келген кісі өз әріптесімен емін еркін сөйлесуге, бірбірімен арқа-жарқа әзілдесуге сескенеді. Себебі, әлгі «тыңшылықтағы» тапсырмасын тапжылмай тындырымды орындайтын тыңшылар ұялы телефондарындағы диктофонына сөзіңізді басып алады. Ол аз десеңіз, таспаға жазып суретке түсіріп алуға дап-дайын тұрады. Бұлардың бұл қылығы мекемеге орнатылған бейне бақылаудан әлдеқайда асып түседі. Осындайлардың кесірі көпке тиеді. Қойға тиген қасқырдай «тисе – терекке, тимесе – бұтаққа» дегеннің кебін киіп ауданның әртүрлі мекемелерінде «жасанды арыз» ұйымдастырушылардан титықтап шаршап-шалдығып, қажып-қалжыраған қаншама мекеме басшылары мен түрлі деңгейдегі азаматтар күйзелістің күйін кешіп келеді. Бәле іздеушілердің арыз ұйымдастырумен шектеліп қана қоймай, сотқа сүйрелесу сергелдеңі де адам қызыға қоятын шаруа еместігін бәріміз білеміз. Бәлеқорлық – індет. Қоғам қабырғасына жармасқан дерт. Қоғамның жегі құрты. Бүкіл ел болып бұл қатерлі құбылыспен күреспейінше ешқашан да ештеме өзгермесі анық. Жалпақ жұрттың жүрегін жарған дүйім елді дүр сілкіндірген ауданымызда былтырғы 2017 жылы орын алған Ватсаб жайлы ақпарат республика жұртшылығына кеңінен тарағанын бәріміз білеміз ғой. Сол құрғыр ватсабтың кесірінен 35 шақты басшы жұмыстарынан шеттетілді емес пе?! Шектетілуге негіз – бөлім басшысының ватсабына «Анау директор үйтті, мына директор бүйтті» сарындас хабарламалар. Жазықсыз жапа шеккендердің қарасы мұнанда көбейер ме еді, кім білсін, егер бастықтың өзі жұмыстан кетпегенде. Басшының бәрі бірдей заңгер емес. Әр басшының өзіне тән стилі, интеллектуалдық деңгейі, құқықтық сауаты, өмірлік тәжірибесі әрқилы. Өкінішке орай, мекеме басшыларының жұмсақтығы мен жуастығын, қиыншылықтарға көмбістігі мен кеңшілігін өзінің жымысқы құйтырқы теріс әрекеттеріне актерше шебер пайдаланатын арызқұмар азаматтардың дөңгеленген дүниені жалпағынан басып жанымызда жүргеніне жиіркенесің. Жылдың төрт мезгілінде де түгелдей тыным таппай қаржы инспекциясы қаржы полициясы аудандық сот пен облыстық сотқа арындаған арыз нөпірін жаңбырша жаудыратын жанкештілердің жиіркенішті жазбалары өз дәлелдерін таппай жатқанының талай мәрте куәсі болдық. Арызданушылардың алдына қойған жалғыз ғана мақсаты мекеме басшысы бола ма, орынбасарлары бола ма «жұмыстан құдырамын» деп бопсалап қорқыту арқылы көлденең табыс табу, бәле іздеу арқылы қаражатын еселеу. Осы жолда еңбек инспекциясынан бөлек кез-келген жоғарғы органдарға қарша арызды боратады. Кейде әлгі бопсалаушы бәлеқорлардың «бұғаттаулыны бұзам, шегендеуліні шешем, құжаттарыңды қатырамын, тегін заң кеңесін берем, айлық жалақыларыңмен іс-сапар қаржыларыңды түгелдей төлеттірем, қызмет сатысынан өсірем» деген сарындағы сандырақтарына кейбіреулер иланады. Кейбіреулер деймін-ау көпшілік халық қалың бұқара болып сеніп, соңынан сан соғып қалатынына қаншама мәрте куәсі болғанымыз бар. Тақырға отырғызу да әлгі әккілер үшін үлкен өнер болса керек. Себебі айла, ақыл, алаяқтық сияқты ерекше қабілет пен қасиеттердің қосарлануын бәлеқорлардың бітім болмысы мен бар бойынан көретінімізге қайран қалмасаңыз да болады. Осындайда данышпан Абайдың «Ауырар жаның, қайнайды қаның, ашиды миың» деген жанайқайы есіңізге еріксіз түседі.

«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деген нақылды 1-сынып оқушысына үйретеді. Осы нақылдың мағынасын арызқойлардың түсінбейтініне таң қаламын. Төле би бабамыздың: «Ерегісіп өткен ер жаман, егесіп өткен ел жаман», – дегенін әрқашан жадымызда сақтасақ қой, шіркін!

Ақиқаттан аттау – адасудың алғы шарты. Ол адамның рухани азғындауының құзар шыңында болары қақ. Ар алдындағы адалдықтан ауытқымау – адамдықтың белгісі. Арызқұмарлық пен арызқойлық абырой әпермейді. Адамдықты да арды да ақиқатты да мойындамау – бұзықтықтың белгісі. Бұзықтық пен бәлеқорлық – егіз ұғым. Бұл ұғымдардың қоғам өмірінде ғана емес ғаламшарымыздың кез-келген саласында кездесіп белең алуы көпшілікті ғана емес бүкіл жұртшылықты алаңдататын мәселе. Арыз жазды екен деп сан мәрте соттасқанмен, сотта арызданушы адамның берген арызы өзінің дәлелін таппай жатуын қалай түсінуге болады? Осындай жағдай оншақты мәрте қайталанып жатса қалай болғаны? Қараңыздаршы, соттасушы тараптар да әуре, судьялар да әуре. Куәгерлер де әуре. Мен жазған бұл жәйіттер тек бір ғана аудан аумағымен шектеліп қана қалмай күллі қоғамымызға қауіп төндірер үлкен дерт ретінде кез-келген жердегі мекемелерде кездесіп жататындығында менің ешқандай күмәнім жоқ.

Ойланып қараңыздаршы, аудандық соттың отырысын былай қойғанда, Шымкентке облыстық сотқа жылына оншақты мәрте бару, соттасу кімге абырой әпереді? Қаншама уақыт, қаншама қаражат, қаншама жүйкенің жұқаруын ойласаңыз бұның бәрінің бос әурешілік екендігіне көзіңіз жетеді. Ең өкініштісі және ең сорақысы – арызқой адам ақиқаттан ауытқып, адасып арызданады да дәлелін таппаған арызы үшін ешқандай жауапкершілікке тартылмайды. Бұл құбылыс қоғамымыздың дерті. Бұл дертпен қоғам болып күресейік.

Жала жауып арызданған адамды жауапкершілікке шақыру қажет. Дәлелін таппаған жала жайлы заң шығарушы ең жоғарғы өкілетті орган – ҚР Парламентінде негізсіз арызқойлыққа әуес болмау жайлы арнайы тыңдау өткізілсе. Бұл күн тәртібіне енсе. Заңға осы туралы толықтыру мен қосымша өзгерістер енгізілуі тиіс деп ойлаймын. Менің бұл ұсынысымды күллі қоғамның жанайқайы ретінде қабылдап, терең түсіністік танытылады деп есептеймін. Керек десеңіз, көптің арасына іріткі салғаны үшін, сара жолмен жүрмегені үшін миллиондап айыппұл салынып жатса, әлгі арызқойлар мен арызқұмарлар бос арыздануын қояр еді-ау деген ойдамын. Қасиетті Құрани-кәрімнің – «Әй мұсылмандарым өзіңнен әлсіз адамдарға қамқорлық жаса, қолыңнан келсе тек жақсылық жаса», – дегені әрбіріміздің санамызда сайрап жатса, қанеки.

**Жеңіс СЕРІКБАЙҰЛЫ,**
**ҚР Білім беру ісінің озық қызметкері, ҚР Журналистер одағының мүшесі**

№12 (778), 26 наурыз, 2018

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

**Көктем келіп, күн жылына бастағалы той-томалақ та қыза түсті. Рас, темірдей тәртібі бар кеңес өкіметі құлағалы, той-ханалар пайда болғалы тойшыл қазаққа күнде той. Баяғыда өзбектер аптаның ортасында қалай той өткізеді деп таң қалушы едік, кәзір сол кеп өзіміздің басымызға келді. Себебі, той өткізу үшін тойхана керек, ал, қанша жерден «бүгін тойханалардың дәурені жүріп тұр, күніге бір жаңа тойхана салынады, не көп – тойхан көп» десек те тойханаларда алдағы екі-үш айға дейін сенбі-жексенбі бос емесін көреміз. (Біздің Шымкентте жарты жылға дейін де бос болмайды...) Жалпы, жер бетінде «той дегенде қу бас домалайды» дейтін қазақтай тойшыл халық жоқ шығар. Анасының бойына баланың біткенін «құрсақ шашу» жасап атап өтетін біз оның «шілдехана», «бесік той», «тұсау кесер», «сүндет той», «тоқым қағар», «қыз ұзату», «беташар», «үйлену той», ең ақыры асарын асап, жасарын жасап, шөбере, шөпшек сүйіп барып бақиға аттанса, жылдық еске алу асын да теңдессіз философ халық екеніміздің дәлелін ретінде ең үлкен той дәрежесіне көтеріп өткізіп келгенбіз.**

# ҚАЗАҚТАР
# той дәстүрін ұмытып барады

### ТОЙ ТОЙ БОЛМАДЫ...

Өз еркіміз өзімізге тигелі той тіпті көбейді. Тойханалар көктей қаулады. Бірақ, санға қарай сапа да артты ма? Осы жерде ойланатын мәселе аз емес сияқты. Қазақ бұрын «тойдың болғанынан боладысы қызық» дейтін. Шынында да, «боладының» ішіне тойдың мәслихаты кіретін, кемі 2-3 күн бұрын той өтетін жерді дайындауға, малын сойып, шатырын тігіп, тойдың тамағын жасауға ағайын-туған, дос-жаран, келін-кепшік, көрші-қолаң қызу атсалысатын. Той иесі тойдың ертесіне солардың бәрін шайға шақырып, «құдая шүкір» жасайтын, алғысын айтып, батасын беретін. Рас, «құдая шүкір» жақсы да, жаман да бірінші болып шығатын Шымкенттен бөтен өлкеде кездеспейді, дегенмен, қазақы қалыпты барынша молынан сақтап қалған күнгей елінің осынау тағлымды салтын басқа өңірлер іліп-ақ әкетсе тіпті тамаша болар еді. Бірақ, біз жаман әдетке келгенде балға үймелеген шыбындай бола қалатын, жақсы әдетке келгенде керенаулық танытып, табаны тартпай қалатын халықпыз ғой. Не істерсің, оған, не істерсің...

Бір сөзбен айтқанда, бұрынғы той – қазақтың туыстықты, татулықты, бірлікінтымақты бекіте түсуге қызмет ететін керемет жақсы дәстүрінің бір көрінісі еді. Бүгінде «болады» да, оның «қызығы» да жоқ... Бәріміз қаздай тізіліп барлық нәрсесі дайын тұрған тойханаға барамыз. Барғанда не көреміз? Бірінен бірі айнымайтын тойды көреміз. «Өзгелерден сөзі ұзын» (Абай) халық болған соң ескі әдетпен құлаш-құлаш сөйлейміз. Жаңалығымыз – «Ақ маржан» мен «Қызыл өрікке» «чип-чипдетіп», аспанға қарап, жерге үңіліп шаршағанша билейміз.

Той деген өнер жарысы екенін, оған сол тойға келген қонақтар қатыспай той шын мәнінде ешқашан қызық болмайтынын мүлдем ұмыттық! Бай-бағыланның тойы болса, солар шақырған әншілердің фонограммадағы «өтірік» концертін көруге, кедей-кепшіктің тойы болса өліп-тіріліп билеп, бойымыздағы стрессті түсіруге баратын болдық. Бұрынғы қазақ қыз-жігіт болып отыра қалып айтысады екен, біз оны айтыс ақындарына меншіктеп беріп қойдық, тойда айтыспақ түгілі ән айтпайтын болдық. Ал, әлемдегіең мықты математиктің бірі, академик, өзі де домбыра тартып, ән салатын Мұхтарбай Өтелбаев ағамыз былай дейді:

«Біз тойға көп барамыз, бірақ, онда ән салмаймыз. Билейміз, бірақ бұл аяқ жазу ғана. Ал, мыңдаған жылдардан бері бізбен бірге жасап келген ән айту өнеріміз сыртқа шығатын жол таба алмай, қапасқа түсіп қалды».

Қапасқа түсіретіндей не жазды ол бізге? Еуропалықтарды «бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай» дегізіп, таң қалдыратын әнші халық едік қой, әніміз-сәніміз қайда кетті? Тойда айтпағанда оны қайда айтамыз? Грузиндер өздерінің хормен ән айту салтын көзінің қарашығындай сақтайды, басқа ұлттар да солай, неге біз ғана өз қағымыздан өзіміз жеруге құмармыз?

Той дәстүрін ұмытқанымыз аздай, тіпті, кейбіреуінің өңін теріс айналдырып жібердік. Бұрын қазақ, атының өзі атып тұрғандай, тойда ән бастап, «тойбастар» жүлдесін жеңіп алу үшін жарысатын. Тіпті, «мен бастаймын!», «жоқ, мен тұрғанда саған жол қайда, мен бастаймын!» деп тартысатын. Сондай айтыс-тартыс болмау үшін дана халқымызда «тойды жалайыр бастайды» деген жолжора да болатын (есте жоқ ескі заманда ел алдындағы қандай да бір елеулі еңбегі ескерілгендігі анық), олар жоқ жерде кез-келген қазақ бастауға хақылы-тұғын. Кәзір «тойбастарды» күресінге лақтырдық, «тойды мен бастаймын!» деп құлшынып шығар

жанды сіз емге таппайсыз, оның есесіне ол жүлде тойды бастағаны үшін емес, келген қонақтарға естелік ретінде той тарқардың алдында таратылатын сыйлыққа, сувенирге, тіпті бір жегенде таусылатын кәмпит секілді тағамға айналды! Оу, жарандар, «өзі жоқтың – көзі жоқтың» кебін келтіріп атабабаның «Тойбастарын» «Тойтарқатар» етуге, мазаққа айналдыруға, қорлауға, ал, «Тойдан – тобықтай» деген өз аты бар сыйды өлтіруге сіздерге кім рұқсат берді? Қай аруақтың батасын алдыңыздар?..

Мына сұмдықты қараңыздар! Фейсбукте Назым Жекебай есімді қарындасымыз «тойдан – тобықтай» деп кәмпит-сәмпит үлестіретін әдемі қобдиша жасап, оны халыққа ұсыныпты: «Мен жасаған «Тойбастар» ұнаса, тапсырыс беріңіздер!» деп... Мен «Тойбастар» емес, «Тойдан – тобықтай!» Жұртты жаңылыстырма, қарындасым, сенсіз де жетеді!..» деп коммент жазсам, қызымыз былай жауап қайтарыпты: «Біле жүремін, рахмет аға, бірақ бірінші естуім!» Демек, біз «той тарқар» деген салтты есітпеген ұрпақ өсіріп үлгергенбіз!..

Осы тұста жер жәннаты, ел жәннаты күнгейдің бір азаматы ретінде кішкентай тәжірибемізбен бөлісуге рұқсат етіңіздер. Бұдан біраз жыл бұрын мен немеремнің сүндет тойының шақыру хатында той бағдарламасын да жаздым. Оның ішінде мынадай да жолдар бар еді:

Бұл тойда көп өнерден жарыс болмақ.
Адамды алға сүйрер намыс болмақ.
Бұйырса, бір бәйгені бөктерерсіз,
Жараспас сіздей ерге қалыс қалмақ.

Ең алдымен, «қап, бастай алмай қалғанымды қарашы» демесін деп, залдың екі жағындағы қонақтарды «тойбастар» айтудан жарысқа түсірдік.

Көптің шешімімен Алматыдан келген 73 жасар ақсақал бас бәйгені олжалады, екінші, үшінші орын алған да құр қалған жоқ.

Ұл той болғаннан кейін оған жас баланың көп келетінін ескеріп, спорт мектебінен күрес кілемін әкеп төсеп, балалар арасында күрес өткіздік. Өте қызық болды! Бұдан соң ешкім шыға қоймайтынын сезіп тұрсақ та, бұрынғы қазақ тойының ажырамас бір атрибуты – әйелдер күресін де жарияладық. Қолқалауыммен ортаға шыққан денесі де, сөзі де, ісі де ірі, әнші де әзілқой Шекер жеңгеміз қарсылас табылмаған соң бәйгені «шаппай алып» тұрып: «Әйелдер жоқ болса, жігіттермен күресем! Тете қайнымау, шықсай бері! Қорықпа, атып ұрамындағы, астыңа топ ете түсемін ғой!» деген сөзіне жұрт қырылып қалды... Балалар, содан соң ересектер арасындағы қол күресі мен кір тасын көтеру де өте тартысты өтті. Еденге кілем төселгенде, арқан тартуды да ұйымдастыруға болар еді. (Соңғы кезде тойханалар кілем төсей бастады). Әнге де, биге де, екі сөздің басын құра алмайтын қазақ жоқ деп, ең жақсы жазбаша өлен-тілекке де жүлде берілді...

Одан бөлек немереме арнап кішкентай кітап шығарып, ол кітаптың екінші бетіне «Тойдан тобықтай» деп жазып, қонақтарға тараттым.

Ал, кенже қызымды ұзатқанда тойдың басында Н.Тілендиевтің «Аққу» және Ә.Желдібаевтың «Ерке-сылқым» күйін тартқызған едім, кейін қонақтар: «Ойпырмай, тойды күймен де ашуға болады екенау» десіп жатты. Және мен жас асабаға «сценарийді өзім жазамын, сен соны алып шықсаң болды» деп талап қойғанымда оның «тойдың да сценарийі бола ма?» дегені бар...

Ал, енді не істесек қазақ тойы өзінің табиғи қалпына келеді, қайтсек оны қызықты, тәлімді, тәрбиелі етіп өткізе аламыз?

Біріншіден, тойды ашу үшін, қазақы жосыққа салсақ, өз туыстарыңның ішінен бір адам ғана шыққаны дұрыс, өйткені, екі адам бірдей тойды ашық деп жариялай алмайды. Парламент депутаты, әкім бастаған 10 шақты адам шыққан тойларға да барып жүрміз, бірақ, содан той тартымды болып жатқан жоқ қой... «Ақсақалдар, ардагерлер бата берсін» деп жатамыз, әзірге бұл үрдіс тек қыз ұзату тойында ғана жасалып жүр. Әдемілеп «той – ашық!» деп жариялаған үлкендер, дәл ондай сән-салтанатпен тойды жабық деп жариялап, батасын берсе нұр үстіне нұр болмай ма?

Соңғы кезде ақсақалдарға апаларды да қосатын әдет пайда болды. Тойды ашуға әжелерді шығармасақ, әйел атаулыны кемсіткендігіміз болып табыла ма? Әр нәрсенің өз орны бар емес пе?

Екіншіден, асаба өз жұртыңыздың, тойға келетін құда-жекжат, дос-жолдастарыңыздың ірі бастылары жайлы сізден сипаттама сұрамаса, соны әлгі сыйлы кісілерге сөз берген кезінде сыпайы да ұтымды, жеңіл әзіл-қалжыңмен келтіріп, қалың жұртқа таныстырып кетіп отырмаса, басқа да сондай жүрекке жылы әрекеттері арқылы сіздің қолыңыз қанша уақыт асыға, кейде тіпті зарыға күтіп жеткен ерекше жиыныңызға ерекше дайындалмаса (ал, бұл тәртіп асабалар үшін бұлжымас заңға айналуы тиіс), ондай асабадан ертерек бас тартқан дұрыс. Әзірге олар жаттанды тақпақтарымен қонақтарға сөз берушінің, жауыр болған анекдоттарымен елдің көңілін көтеруге тырысушы әртістердің рөлін орындаудан аса алмай жүр. Солай болғандықтан да олар тойдағы халықты игеріп кете алмайды, «тамада не айтар екен?» дегізіп, аузына қарата алмайды, тамада бір жақта, тойдағы халық бір жақта екенін көресіз. Есіл уақытыңыз қор болып, шаршап қайтасыз...

Үшіншіден, алаяқ әншілерге беретін ақшаны тойға келген қонақтардың ішіндегі әншілігімен, бишілігімен, ақындығымен көзге түскен өнерпаздарға қомақты түрде бөліп ұсынған жөн секілді. Тойдан теледидар арқалап немесе ұялы телефон ұстап қайтудан үміттену – бүгінгі бойымызды билеп алған ұяңдықты жеңіп, ортаға шығуды оңайлатары хақ...

Әншілерді «алаяқ» дегеніміз үшін біреулер бізді сөгер де, сотқа да сүйреуге тырысып бағар, сондықтан, көпке топырақ шашудан аулақпыз, бірақ, он мыңдаған, жүз мыңдаған теңгені (кейде долларды) айналдырған 4-5 ән үшін шытырлатып санап алатын олар, ең болмаса тойда жанды дауыспен ән салудың орнына фонограмманы қосып қойып, той иесін де, тойға келген халықты да алдайтындарын көрген соң «алаяқ» демегенде не дейміз? ( Өз басым олардың әнді тойда да фонограммамен айтатынын жақында ғана біліппін. Ал, «ауыр бейнетпен, жеңіл жолмен келген ақша менікі, оны әншіге берем бе, суға ағызып жіберем бе, отқа жағып, шай қайнатам ба, өзім білем» дейтіндерге сөзіміз жоқ...) «Ау, бұларың ұят емес пе, неге наныңды адалдап жемейсің?» десең: «Ағасы, қызық екенсіз, оркестр жоқ, қалай айтамыз?» деген жауап естисің... Сонда баянмен, аккордеонмен, домбырамен сүйемелдеп ән салу «модадан» қалған ба, жоқ әлде ол ұятты, айыпты болып саналатын іс қатарына кіріп кеткен бе?

Төртіншіден, күнгейден басқа жердің тойы әлі де арадағы үзілісті қосқанда 4-5 сағатқа созылады. Біздің ел үзілісті ұмытқалы қашан. Ол үшін халыққа өкпелеуге де болмайды, себебі, біз бұрынғы, орыстың ықпалына түспей тұрғандағы қазақтық болмысты барынша мол сақтап қалған өңір болғандықтан, тойымыз да өзгелерден он есе көп. Жұрт тойдан да шаршайды. Одан да бұрын тек сөйлеу мен билеуден тұратын сүреңсіз сарыннан шаршайды. Тойдың жартысына жетпей тойдағы елдің жартысы сыртта жүреді, бір-бірімен әңгіме-дүкен құрады, одан да жаманы біртіндеп үйіне кетіп жатады, өйткені, іште қызық ештеңе болып жатқан жоқ...

Бесіншіден, «балықтың басынан шіритіні» тойда да жарқын көрініс тауып жатады – елдің үлкендері тойдың соңына дейін отырудың орнына өздері сөйлеп болысымен анаусы ананы, мынаусы мынаны айтып, болмашыны сылтау етіп қайтып кетіп жатады. Тойдың соңына дейін отыруға жарамаған «игі жақсылар» өздерінің осы ісімен қуаныш қожайынын да, оның қуанышын көбейтісуге жиналған қалың жұртты да сыйламайтынын көрсетеді, жастарға теріс үлгі береді. Егер олардың бәрі сабы бұзылмай отырса, оларды көрген басқалар да кетпес еді. Той залының толып отырғаны оның қызықты өтуіне де сөзсіз септігін тигізер еді.

Қалай болғанда да той – айрықша жиын. Өйткені, ол адам өмірінде әдетте бір-ақ рет болады. Ендеше, оны естен кетпестей әсерлі, қызғылықты ету өз қолымызда емес пе? Үлкен-кіші болып оның жолын бірлесе іздесек, «қазақтың білімге тұнып тұрған» (Семенов-Тянь-Шанский) салт-дәстүрін толыққанды түрде тірілтіп қана қоймай, байыту біздің міндетіміз емес пе? Өзіміз істемесек бөтен біреу келіп істеп бере ме?!..

**Өмірзақ АҚЖІГІТ,**
*qazaquni.kz*

№12 (778), 26 наурыз, 2018

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

# Дала немесе батыр Бауыржан сабақтарынан

**Ата қандай тақырыпты бастаса да, мәресіне жеткізіп, тиянақтамай қоймайды.**
**Кеше басталған сәлем жайлы әңгіменің де аяғы сұйылмай жалғасатынына күмәнім жоқ еді. Тек күндіз жайбарақат көсіліп отырып сөз тыңдауға мұрша бола бермейді. Келімді-кетімді кісі бар, дайындайтын ас-суың бар, арасында дүкенге жүгіресің, әкелі-балалы Момышұлының апарып беретін, алып келетін жұмыстары да менің үлесімде дегендей, әйтеуір, күндіз тыным аз. Сондықтан түнді асыға күтіп жүрем. Онда да ата өз көңілінің қалауымен сені шақырып сөз бастамайды, әншейін кіріп барсаң: «мен сені шақырғам жоқ» дейтіні бар. Өткен жолы жұбайымның артынан ілесе кіргенімде баласына қарап: «Нөкеріңді ертіп неғып жүрсің?» – дегенде бөлмеден ытқып шыққам.**

**Зейнеп АХМЕТОВА, жазушы, Бауыржан Момышұлының келіні**

...Атам бүгін өзі қасына шақырып бір қалыпты қоңыр дауыспен әңгіме тиегін ағытты.

– Саған сәлемнің ең ұлысын айтып берейін. Ол – шаңырақ сәлемі. Кісі үйіне келген адам үйде біреу болсын, болмасын амандасып кіреді. Үй иелерімен сыртта ұшырасып, есік алдында есен-саулық сұрасып алса да, табалдырықтан аттай бере, сол үйдің шаңырағына, отының басына сәлем беріп кіреді. Қазақ халқы шаңырақ пен табалдырықты, бесікті қасиетті санайды. Үй табалдырықтан басталады, шаңырақпен еңсе көтереді, бесікпен ұрпағы өседі. Әркімнің от жаққан, ұрпақ өсірген үйі – өзіне құтхана. Сондықтан келген адамның кісі үйін сыйлауы шаңыраққа сәлем беруден басталады.

Алда-жалда сәлем бермей кіріп келуді қазақтар надандық, менмендік көреді, немесе ниетпиғылы бұзық дұшпандар, әдейі бәле іздеп келгендер сәлем бермейді. Ерте кезде болжаусыз келіп қалған құдайы қонақ кісі үйіне баса-көктеп кіріп келмейтін. Ат үстінде тұрып: «Кім бар-ау!» деп «тілдес!», «сөйлес!» деп үй сыртынан дыбыс беріп, есік алдында адам тұрғанын білдірген. «Сыйласаң сыйысымды боларсың» демекші, бұл да өзгенің үйін қадірлеуі, шаңырағын құрметтеуі. Үй иелері аса бір пейілі тар, сараң, жөн білмейтін парықсыз болмаса, не орнынан тұра алмайтын сал болмаса, сырттан дыбыс естілген соң кешікпей далаға шығады.

Сырттан келген мейманды
Сәлем беріп қол алсаң,
Бірінші – еткен құрметің.
«Түсіңіз» деп түс беріп,
Шылбырына оралсаң,
Екінші еткен құрметің.
Есік ашып енгізіп,
Көрпе төсеп құп алсаң,
Үшінші еткен қызметің, –
деген екен Айдабол шешен.

Қазақтар әдептен аспай, кісі шаңырағын сыйлай білетін адамнан сәлемін де, ықыласпейілін де аямаған. Бұл – ғасырдан ғасыр асып келе жатқан дала этикасы.

– Осы қонаққа байланысты ырымдарды білесің бе? – деп сұрады аяқ астынан сөзін шұғыл өзгертіп.

Құлағым қалқиып тыңдаушы болып, бейқам отырғанда, тосыннан қойылған сауалға сасып қалдым. Жылдам жауап қайтаруға есіме жарытымды ештеңе түсе қоймай, бөгеле бердім. Дегенмен, жауап беруім керек.

– Қонаққа ас әкелгенде үй иесі тамақтың дәмін алдымен өзі татуы керек. Ол, адал ас дегені, – дедім ойыма алғаш оралғанды айтып.

Осымен құтылдым ба десем, менен көзін алмай «тағы не дейсің» дегендей салмақ сала тікірейіп қарап отыр.

– Келген қонақ бірдеңе жеп, аузы шайнаңдап үйге кірмейді. Керісінше, қайтар кезінде бір түйір құрт па, ірімшік пе, мейіз бе жеп, есіктен аузы қимылдап шығуы жөн дейді. Дәм тартып және жүздесуге жазсын дегені

екен, – дедім.

Атада үн жоқ. Қапияда адамды тұқыртып тастайды да осылай үнсіз бақылайды. Атаның отты жанарынан жасқанып өлермендікпен тағы сөйледім.

– Қонақты қарсы алғанда үй иесі есігін өзі ашады, қонақты үйге алдымен кіргізеді. Қонақ кетерінде есікті қонаққа ашқызады. Өйткені, үй иесі өзі есік ашса, қонағын құғандай, қонағынан құтылғанша асыққанмен бірдей саналады дейді.

Мәнерлеп, сүзгіден өткізіп сөйлеуге шама қайда? Ойыма түскенін әупірімдеп айтып шыққанына шүкір.

– Ы-ы-м, – деді ата.

Қоштағаны ма, ұнатпағаны ма, ажырату қиын.

– Қонақтың түр-түрі бар, – деді сәлден кейін. Сөзін өзі демдеп мені жайыма қалдырғанына қуандым. – Қазақтың қонағын Төле би бабамыз төртке бөліпті:

Арнайы қонақ,
құдайы қонақ,
қыдырма қонақ,
қылғыма қонақ...

– Арнайы қонақ – ат арылтып шалғайдан арнайы келетін бауыр-туыс, нағашы, жиен, құда-құдағи, қимас дос, жақсы жолдас секілді жақындар. Бұлар – сыйлы қонақтар. Құдайы қонақ – жолаушылап жүріп ат басын тіреген кездейсоқ қонақ. Үй иесі оны танымайды, бұрын көрмеген. Бірақ «Қырықтың бірі – Қыдыр» деп есігіне келген соң құрмет көрсетеді. Бұл – сауап болатын қонақ.

Қыдырма қонақ – ауыл-ауылды аралап, езуі көпіріп бір жердің сөзін бір жерге тасып, ет пен қымыз ішу үшін сабылып жүретін далбаса қонақ.

Қылғыма қонақ – қайсы үйдің түтіні шықса, сол жерден табыла кететін адам. Қолына ілінгенді жейді, аузына түскенді қылғиды. Тамақ аңдып, толымды дастарқан іздейтін сұғанақ қонақ. Міне, қасиетіңнен айналайын Төле жарықтық қонақтарын осылай жіліктепті, – деп ата мүштегіне темекі киізді.

Біздің үйге де қонақ көп келеді, бәрі атаны іздеп арнайы келеді. Өйткені ата ай мен күн секілді көпке ортақ адам. Ай мен күннің мейірім-шапағаты баршаға ортақ болғанмен, жерде қыбырлап жүрген пенделер сан алуан. Біреу тойып жүреді, біреу тоңып жүреді, енді біреу озып, біреу азып жүреді. Әркімнің өмір дейтін ұлы көшке ілесуі әр деңгейде, басып өтер сүрлеу-соқпағы да әр қилы. Сондай бір-біріне ұқсамайтын адамдардың ата алдына келулері бірдей болғанмен, кетулері бөлек. Кейбіреу қандай қамалға тірелерін білмей келіп, шығар есікті таба алмай қалатын да кезі болады.

Кеше ғана үйімізге сіріңке қара арық жігіт келді. Мен есік ашып амандасқан соң, өзінің біздің елге жиен болып келетінін бірден ескертті. Жиенмін деп еркінсу ме, әлде мінезі солай ма, қимыл-қозғалысында, сөз саптауында бір кердеңдік бар. Арық адамның шіренгені қызық көрінетінін бірінші рет байқадым. Содан атама барып бір жігіттің келіп түрғанын хабарладым. Ата басын изеді. Қонақ жігітті атаның бөлмесіне

кіргіздім де, бері келіп шай қойдым. Әдетте ата алдына сотқар монтиып, мықты именіп қойдан қоңыр, қозыдан жуас болып келуші еді. Мына жігіттің екпіні өзгеше көрінді. Мүмкін батылдық үшін бірдеңе ұрттап алды ма екен?

Тілім жазықты, ондай да ұшырасады. Біраздан соң атаның дауысы үйді көтеріп тастардай қаһарлы естілді. Не болып қалды екен деп есікке жақындағанымда:

– Өсекті өсекшілер жеткізеді! Есі дұрыс еркек өсек айтпайды! Пошел вон дурак! – деген атаның зілді сөздерін естідім.

Қазулы тұрған орға өзі құлағысы келген адам болмаса, мұндайда аулақ кеткен жөн. Кері бұрылып зытып бердім. Ілешала жаңағы тәкаппарлығынан жұрнақ та қалмай, салы суға кеткендей иіні түсіп әлгі жігіт бері шықты.

Не бүлдіргенін қайдам, өзін аяп кеттім.

– Шай ішіңіз, – дедім.

«Мынаның есі дұрыс па?» дегендей аларып бір қарады да, сыртқы есікке беттеді.

...Атаның дауысынан ойым бөлініп кетті:

– Осы үйдің қазір майлығы да, сулығы да өзіңсің. Сондықтан Момышұлын іздеп келген адамнан «кімсің» деп сұрамағын. Есік көзінде кісіні тұрғызып қоймай «үйге кіріңіз» де. Үйге кірген соң «төрге шығыңыз» деп ізетте. Кісі үйіне келген адам қанша асығыс болса да, тізе бүгуі керек. Қазақ салты солай. Асып-төкпе ас бермесең де, қуыс үйден құр шығармағын. Тым болмаса нан ауыз тигіз. Ал қадірін кетіріп жатқан жөн білмес қонақ болса, қалай шығарып салуды маған қалдырғын. Сен келіндік жолыңды жасай бергін, – деді.

Атамның мына сөздері мені абдыратып тастады. Өзі қуып шығады, маған құрметте дейді. Түк түсінсем бұйырмасын.

Бір жағынан, көңілім қолантақсып жасып қалдым. Ақ пен қараны түс тоқтатып түсінгеннен бері жаңағы ата айтқан қазақ ырымдары құлаққа әбден сіңісті болған. Әлімше орындап та жүрген секілдімін. Онда, істегенімнің бәрі елекке құйған судай баянсыз болғаны ма? Бір шалағайлық жібергенмін-ау шамасы. Кім білсін, аңғармай қалып жөнжобаны белден бастым ба?

– Әй, балам! Мен сені жөн білмейді деп отырғам жоқ, – дегенде аңырайып атаға қараппын.

Таңғалмай көріңіз! Ойымдағы өңіме жазылып қала ма, бір емес, екі емес, ылғи осылай сырым әшкере. Атамның көрместі көріп, білместі біліп қоятыны, көкейінде тұрған көлденең ойды жобаламай дөп басатыны маған түсініксіз. Әрі содан қатты қорқамын.

– Жалпы келін болу қиын, – деп тағы бір тұтқиыл сөз айтты. – Оның ішінде қазаққа келін болу оңай емес. Ал қазақтың ішінде мен сияқты қыңыр адамға келін бо-о-лу... – деп көзін аударып-төңкеріп, екі қолын екі жаққа жайды да: – Понятно? – деп дауысы көтеріліп кетті.

# Эпикасы

– Понятно! – «Құрттың атын малта қойды» деген осы. Атаны тура қайталағанымды аңдамай қалдым.

Ата қарқылдап күліп жіберді.

Мен, әдетте ешқашан үйде орысша сөйлемеймін, былайынша да ағып тұрғаным шамалы. Сондықтан менің орысша жауап қатқаным қызық естілген секілді.

– Кіруге бола ма? – деп осы арада Бәкең бөлмеге бас сұқты.

– Кіргін, – деді ата. – Өзің бүгін қыздай сызылып, сыпайы болып тұрсың ғой? – деп атаның дауысы жадырай шықты.

– Аударманы бітірдім, – деді баласы да көңілді үнмен.

– Жақсы болған екен. Көрдің бе еңбектің қасиетін! Рахаттанып жаның жай тауып тұр. Ертең автор сенен бетер қуанады, риза болып, рахмет айтады, – деп ата баласын қолпаштап жатыр.

– «Бір серкешке екі ер талтаңдайды» деген секілді, – деп Бәкең жымиды.

– Не? Қайта айтшы, – деді.

– Тек қазақтың жаратылысына сыятын қасиет қой бұл! – деп ата ұшатын қырандай қомданып, екі иығы көтеріліп кетті. – Құдайдың құдіреті, әлгінде біз қонақ жайлы біраз әңгіменің басын шалып едік. Сенің серкешің соның жалғасындай жарасып кетті. Бар болса берген жақсы. Әжем марқұм:

«Берген үйде береке бар. «Береке» деген періштенің аты. Бермейтін үйде біте бар. «Біте» деген шайтанның аты. Жаны таза, пиғылы түзу адамның бергенінің есесін Алла өзі толтырады, пейілден тарылмаңдар», – деп отырушы еді жарықтық. Айналып келгенде, мұның барлығы халқымыздың желісі үзілмей келе жатқан даралығы мен дархандығы. Солай ма Баха?

Ата көңілді отырғанда баласын осылай атап жарылқап қоятын.

– Солай, солай ғой, папа. Бірақ қонағы қожайын боп, өзі табалдырықтан ары сырғып кететін де осы қазақ емес пе? – деді Бәкең.

«Шынымен айтып отыр ма осы» дегендей баласына қадала қарап қалды. Әлгінде ғана жазыла сөйлеп, жадырап отырған атаның бет-пішіні күреңітіп, екі қасының ортасындағы қос сызық бұрынғыдан тереңдеп кеткендей көрінді.

– «Кезек екі, Тәңір бір, есең бүгін кетсе, ертең қайтады» деген бабаларың. Астамшылдық аспаннан құлатады. Қанша қожайын болып қоқандағанмен, шындық көзге бір шұқиды. Кірменің аты кірме, оның да кететін күні болмай қоймайды. Жердің өз иесі, елдің өз киесі бар, – деп ата терең бір күрсінді де: – Доклад окончен. Мен демалам, кетіңдер, – деді.

Бізден тезірек құтылғысы келгендей үні сұсты шықты.

Атаның көңіл-күйі неге күрт бұзылды, әңгіме неге шорт үзілді, ол жағын аса саралап жатпай күнделік дәптеріме рағыма мейман жібергеніне тәуба! Азаматтың алдында жерге қарамай, марқа болмаса да серкеш сойып, бұйырған несібесін бергеніме шүкір! – деп Жаратушыға да, өзіне де риза болып көңілі көлдей шалқыпты.

«Тәңір жарылқасынды» қайта-қайта айтып аттанған жолаушы ауылына аман-есен келген соң ауылдастарына:

– Тәңірім мені кісі қадірін білетін текті үйге кез келтірді. Құдайдың онысына шүкір. Үй иесі серкеш сойып, ағыл-тегіл пейілмен күтті, – деп көңілі көк аспанға шыға мақтаныпты. Сөйтіп бір серкеш екі ерді талтаңдатыпты, – деп Бәкең жатқа білетін әңгімесін айтып шықты.

Ата бала секілді мәз бола күлді.

Атам осылай мейірленіп күлгенде, көзге көрінбейтін ғажап бір сиқырлы сәулелер үйге толып кеткендей айнала көріктеніп сала беретін.

Алматының асфальтында туып-өскен баласының аузынан күнде айтыла бермейтін таза қазақы сөз тіркесін естігеніне таңырқап қалғандай болды. Орысша сөйлеп, орысша жазғанда суда жүзген балықтай із түсірмей кететін Бәкең, қазақшаға келгенде сүрінетін тұстары баршылық еді.

– «Бір серкешке екі ер талтаңдапты» деп Бәкең қайталады да: – Мен бұл сөзді апамнан – Зейнептің мамасынан естігем. Оның мәнісін апам маған былай түсіндіріп еді. Баяғыда бір жолаушы тұманды күні адасыпты да, өзі де әбден қалжырап келе жатып таудың қуысында отырған жұпыны үйге тап болыпты. Үй иесі жалғыз атты кедей екен. Маңырамадан бір серкеші ғана болыпты. Отағасы сол серкешін сойып, жолаушыны қонақ етіп күтіп, қондырып ертесі бір-ақ аттандырыпты. Қонақ кеткен соң үй иесі аспанға қарап қолын жайып:

– О, жаратқан ием! Шаңы-естігенімді қаз-қалпында жаза садлым.

Ол 1973 жылғы қарашаның он тоғызы, дүйсенбінің түні болатын.

...Одан бері талай жыл өтіпті. Талай су жерге сіңіпті. Ойың түгіл, түсіңе кірмеген ғаламат өзгерістер өмірге келіпті. Атабабаларымыз армандаған, армандап қана қоймай найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен қорғаған бостандық, еркіндікке қолымыз жетіпті. Лайым ұзағынан, түпкілігінен берсін деп тілейік. Менің бүгінде ақылым жетпей қайран қалатыным – атаның сөзі.

Қонақ пен үй иесі жайлы қарапайым әңгімені астарлай келіп, құламастай көрінген алып мемлекеттің, болаттай берік деген қоғамдық құрылыстың құрдымға кетерін сол кезде қалай болжаған? Көзге бір шұқымай қоймайтын шындықтың келерін қандай құдірет аузына салған?

Бұл сыр атамен бірге кетті. Ал мен үшін шешуі табылмаған жұмбақ.

# БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНЕН

Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, бар тарихымызды ұмыту.

***

Ата-ана қадірін білмеген – ел қадірін біле алмас, Ел қадірін білмеген – ата-ана қадірін біле алмас.

***

Ана тілімізге мән бермеушілік, оны құрметтемеу – шынайы патриоттар тәрбиелеу жұмысына үлкен зиян.

***

Әділдікті мойындау – адал кісінің ісі.

***

Бақаның бағынан сұңқардың соры артық.

***

Батырлық тәуекел мен ақылдың есебінен шығуға тиіс. Тәуекел кейде ақылды да ақтап алады. Ал ақылсыз тәуекелді ештеңе де ақтап ала алмайды.

***

Белдескеннің – белін сындыр, тіресскеннің – тізесін бүктір.

***

Дүниеде баланың у-шуына жетер не бар?! Одан асқан сазды әуен ойлап табу мүмкін емес.

***

Жерге – тер төгіп, халыққа – қан төгіп қызмет етуден тайсалма!

***

Жақсы сөз жанға – жақын, құлаққа – жағымды, ойға – қонымды келеді.

***

Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті.

***

Ешкім іштен батыр болып тумайды: батырлық та, мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады.

***

Ерлік – тайсалмас табандылық пен қайыспас қайсарлықтан шығады.

***

Ептілік те – ерлік.

***

Именіп жүріп көрген игіліктен – қарсыласып жүріп көрген бейнет артық.

***

Күншілдік – өзгенің мықтылығы мен өзіңнің әлсіздігіңді мойындаудан туған құбылыс.

***

Қайратыңа – әдісіңді жолдас ет, әдісіңе – ақылынды жолдас ет.

***

Қайрат етер кезінде – жүк көтерер нардай бол, ақыл айтар кезінде – жүз жасаған шалдай бол.

***

Қазақ тілі – сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйеңді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің ауызына құм құятын ғажайып кемел тіл.

***

Қазақ тілі еш уақытта өзімен көрші халықтардың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалмағаны, өз сыбағасын ешкімге жібермегендігіне мың жылдық көне тарих куә.

***

Қуыс кеуде болғаннан артық қорқыныш та, қорлық та жоқ.

***

Қарабет болып қашқанша – қайрат көрсетіп өлген артық.

***

Қолбасшы болсаң сондай бол – жосылып жатқан жолдай бол.

***

Намысты нанға сатпа.

***

Отбасының өнегесі – Отан өнегесі.

***

Опасыздық – ойсыздық.

***

Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше – шындықтың уын ішін өлген артық.

***

Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындық.

***

Өршіл рухтан – өлмес ерлік туады.

***

Сөз жылата да, жұбата да алады.

***

Сұлу сөзге құл болма – зерлі ой онда көп болмас.

***

Тіл – ұлт қасиетін айқындайтын белгі, ұлттық салт-сана өзегі.

***

Тіл – елдің елдігінің, оның ғылымы мен мәдениетінің, өнеркәсібінің, қоғамдық құрылысының, салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің, ұлттық мұрасының қай дәрежеде екенін білдіріп тұратын көрсеткіш.

***

Тіл тазалығы үшін күрес – ешқашан толастамайтын мәңгілік күрес.

***

Тілекке – еңбек тірек.

***

Терлеп еңбек етерсің – тілегіңе жетерсің.

***

Тәрбиелі – тәртіптің құлы, тәртіпті – елдің құлы.

***

Тіл – ұлт қасиетін айқындайтын белгі, ұлттық салт-сана өзегі.

***

Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген ел – құл болмайды.

***

Үмітін жоғалтқан жан – ешқашан үміттеніп көрмеген жан.

***

Үміт – өрге тартады, үмітсіздік – көрге тартады.

***

Халықтық тәжірибе – бүгінге ғана емес, ертеңге де керек қазына.

**Который год Казахстан заливает большая вода, и каждый раз власти не делают адекватных выводов и действий! Каждый раз местные власти находили какие-то причины наводнений, выделяли немалые средства и людские силы, возводили новые дамбы, которых смывало водой, восстанавливали разрушенные дома, но от этих мероприятий водная проблема не разрешалась, население по-прежнему страдает от нее, а экономика страны несет большие убытки. Проблема оказалась глубже: в отсутствии всестороннего анализа на государственном уровне и адекватного отношения к природным факторам, которые повторяются.**

# ПОЧЕМУ КАЗАХСТАН БУДЕТ ТОПИТЬ КАЖДЫЙ ГОД

### НЕКОТОРЫЕ ПРИЧИНЫ НАВОДНЕНИЙ

И в нынешнем году об актуальности этой темы партия «Ак жол» вынуждена говорить на фоне ситуации с наводнениями в целом ряде регионов страны от Восточного Казахстана до Заилийского Алатау: сотни семей нуждаются в помощи. 14 марта «Ак жол» обратился к правительству с просьбой о поддержке граждан, пострадавших от паводков в регионах.

«Эта ситуация с завидной постоянностью повторяется из года в год. И каждый раз весна приходит «неожиданно» и внезапно тают снега и идут дожди. И каждый раз потом мы требуем денег у государства», – сказал глава фракции ДПК «Ак жол» Азат Перуашев и отметил, что такой подход – это пример бесхозяйственности и непрофессионализма чиновников, которых необходимо привлекать к ответственности за выделение участков для жилья в опасных зонах.

«Нужно создавать условия, при которых страховать жилье было бы выгоднее, чем жить под постоянной угрозой очередного наводнения. А отводить участки для жилищного строительства в паводкоопасных зонах было бы для чиновников дороже, чем брать за это взятки», – сказал он.

В самом деле, причины наводнений, например, в Алматы и пригородных поселках имеют вполне объяснимые причины – они лежат на поверхности. Ведь сильные дожди и ливни случались и раньше, не говоря о ежегодном таянии снега, но таких заметных наводнений не наблюдалось.

В советское время в южном мегаполисе функционировала великолепная система арыков с чистой горной водой, которая спасала во время весенних половодий, паводков, ливневых дождей. По этим арыкам вода свободно текла через весь город, и горожане очень редко страдали от наводнений. Ныне эти арыки частью разрушены, перекрыты, заасфальтированы. Выяснилось, что многие арыки и речки забиты мусором, который сбрасывали жители близлежащих домов.

Имеются недостатки дренажной системы, например, в том же Алгабасе. Удивительно, но во многих новых поселках, в том числе в черте города, отсутствуют арыки как внутри, так и вокруг населенных пунктов, и поток воды течет, как ему «удобно», а не как раньше – по определенным руслам. В Алматы с каждым годом уменьшаются территории с растительностью, парковые зоны, которые получают полив за счет дождевой воды. Ситуация усугубляется точечной застройкой: площади поверхности, куда осадки могли бы впитаться, стремительно сокращаются, поэтому вода начинает течь по асфальту рекой. В новых микрорайонах не развита арычная система.

Безответственность местной власти проявилась в том, что в последние десятилетия в предгорьях без всякого изучения местного рельефа появились множество особняков, ресторанов, элитных поселков нередко на пути стоков воды с гор, возле горных ручьев, без арычной системы и т.д. Ныне акиматом лоббируется строительство горнолыжного курорта «Кок Жайлау», при этом не учитывается опасность не только наводнений, оползня, но и наличие теплой дождливой зимы и сокращение зимнего периода. В целом горная местность является опасной зоной для строительства зданий. Эту проблему усугубляют коррупция, вседозволенность, некомпетентность наших чиновников соответствующих ведомств.

Массовые подтопления в Алматы, да и по всей республике стали отмечаться в последние годы. И это связано также с изменением климата, которое местные власти упорно игнорируют. Ведь заметно изменился и сам характер осадков. Например, в Алматы зимой идут дожди, а весной и летом дожди стали интенсивнее. Понятно, что существующая система ливневого стока не справляется с такой нагрузкой.

### ЗАЧЕМ ДАМБЫ, КОТОРЫЕ СМЫВАЮТСЯ ВОДОЙ?

В последние годы власти стали признавать негодное состояние системы стока воды, но мало что делается для его устранения. В этом году подтопления в Алматинской области, как заявляют власти, связаны с засоренностью или отсутствием дренажных сетей, а также интенсивным таянием снежного покрова и промерзанием грунта (будто такое раньше не случалось).

Скопление талой воды в конце февраля – начале марта наблюдалось в ряде районов области: в Узунагаше, Кайназаре, Талгаре, Туздыбастау и т.д. В Каскелене произошло подтопление около 28 надворных участков в частном секторе. Из-за наводнения в Туздыбастау была объявлена чрезвычайная ситуация, было эвакуировано около тысячи человек, сообщил департамент по чрезвычайным ситуациям Алматинской области. В селе Кайназар Жамбылского района в результате осадков и снеготаяния произошло подтопление 50 дворовых территорий на четырех улицах. В селе Узынагаш Жамбылского района произошло подтопление 100 дворовых территорий. В Талгаре Талгарского района из-за подтопления произошло обрушение саманного частного жилого дома. Подтопило и в пригородах Алматы.

Основной удар водной стихии пришелся по Восточно-Казахстанской области, особенно пострадал г. Аягоз. Восемь домов рухнули из-за подтопления в Аягозском районе, опасно жить еще в 10 домах. 70 человек до сих пор остаются в эвакопункте. Всего подтопило 189 домов. Сообщается, что дома были построены на месте старого русла реки. Никто не мог подумать, что вода опять сюда вернется. Местные жители говорят, что такого наводнения здесь не было уже 50 лет. Они гадают: сдержит ли натиск воды местная дамба (nur.kz, 15.3.2018).

В прошлом году в Акмолинской области паводок прорвал дамбу на реке Жабай, уровень воды в городе Атбасар местами достигал 6 метров, а дороги превратились в реки. А ведь разрушенная в Атбасаре дамба была построена за год до этих событий. И везде вода появлялась неожиданно и «коварно». В том же году в пригороде Петропавловска людей успокаивали: осенью возле Ишима возвели новую дамбу, думали, что она не даст воде проникнуть в поселок. Но природа оказалась хитрее: вода просто обошла препятствие и хлынула на пригороды Петропавловска.

В начале марта этого года в Астане чиновники обсуждали проблему паводковой ситуации в Атбасаре, для решения которой заместитель акима Акмолинской области Василий Крылов предложил два пути: 1. строительство новой дамбы, 2. переселение жителей. По его словам, переселение жителей обойдется дешевле.

«Мы вкладываем серьезные деньги, срок строительства такого сооружения – 2-3 года. В случае паводков мы можем ожидать подтопления в части построенной дамбы, это опять восстановление. Итого построить дамбу стоит 12 млрд, а строительство новых домов – 5 млрд тенге», – пояснил Василий Крылов. Но появились сторонники строительства дорогой дамбы: мол, цена дамбы завышена, оба варианта правильные, но в любом случае дамбу надо строить. Удивительно, при этом утверждается, что разрушение дамбы в Атбасаре не являлось следствием некачественного строительства. Тогда зачем вообще дамба, которая не может противостоять наводнению? Получается, «зарыть» огромные деньги в дамбу, которая смоется наводнением?!

### ЛЮДИ НЕ ДОЛЖНЫ СОПРОТИВЛЯТЬСЯ ПРИБЫВАНИЮ НОВОЙ ВОДЫ

О природе наводнений есть исчерпывающая информация на сайте galiya.kz. По информации биоэнергетика Галии Керей, «Для адаптации и адекватного решения проблем властям надо все-таки обратить пристальное внимание на такой факт: каждый год идут наводнения в определенных областях, районах и городах. Поэтому власти должны быть готовы к переселению жителей из опасных зон».

После наводнения в Атбасаре в прошлом году Галия Керей сразу заявила: «В Атбасаре не в первый год нещадно заливает, и природные явления не дают возможности для нормальной жизни людей. Поэтому пострадавших жителей необходимо переселять в другие благоприятные населенные пункты» (Истинные причины наводнений – территория Казахстана может быть подвержена наводнениям, 18.05.2017).

Насчет дамбы. На сайте galiya.kz в «Информации Небесных Сил о талых водах на территории Казахстана» (13.04.2016) говорится: «То есть с российской земли вода прибывает через начальное русло, просачиваясь на территории Северного Казахстана. Там закрыты дамбами пути прибывания озера Есіл, но вода пробила свой путь и разлилась по всей территории Северного Казахстана, затапливая даже там, где не должна была появляться на равнине. Если бы человечество не сопротивлялось спокойному прибыванию озера Есіл к своему истоку и не строило дорогостоящие и бессмысленные дамбы, вода прибывала бы по исконному руслу в спокойной тунели. Теперь озеро Есіл прибудет на свое исконное место и, конечно, зальет населенные пункты, которые были построены за все это время. От этого никуда не денешься – это уже природный фактор».

Иными словами, нет необходимости строить дамбу в Атбасаре – это преграда для поступающей воды, которая ищет свое русло и будет рушить все на своем пути, в том числе и дамбу.

О природе наводнений Галия Керей: «Нынешние масштабные наводнения в Казахстане – это «прелюдия» появления новых водоемов, это природный фактор и не надо искать виновных. В глобальном плане это связано с наступлением эпохи Водолея. Эпоха Водолея напрямую связана с водой. Это небывалые наводнения во многих странах, уход под воду островов, появление новых водоемов и т.д. – идет очищение от негативной энергетики».

Об Аягозе: «Небесные Силы постараются уберечь этот город, по старому руслу маленькой речки пойдет новая вода, поэтому для местных жителей наводнение было неожиданным».

**Дастан ЕЛДЕС**
*d.eldesov@mail.ru*

## Абдыгали АЛИ:

# В ЯПОНИИ НЕ ДАЮТ В ДОЛГ И НЕ ПРИЕЗЖАЮТ В ГОСТИ БЕЗ ПРИГЛАШЕНИЯ

**«Иностранцам, особенно из СНГ, легче не принимать чужую страну, чем понять ее. Потому что здесь нельзя врать, давать пустые обещания, шуметь после 21.00, бросать мусор, плевать. Здесь не дают в долг и несут личную ответственность за свою жизнь», – говорит живущий много лет в Японии казахстанец.**

### НЕ ЗАНИМАЮ ДАЖЕ ДРУЗЬЯМ

– 12 лет назад я женился на своей однокурснице (мы вместе учились в Китае) японке Айко Тани, – рассказывает бывший житель города Талгар, что под Алматы, Абдыгали Али. – Это сейчас, пройдя через ссоры и даже кратковременные расставания, мы стали понимать друг друга с полуслова. Первые годы было очень сложно и мне, и ей. Если у меня был культурный шок от чужой для меня страны, то у нее – шок от многих моих привычек. Я, например, любил занимать деньги друзьям из Казахстана, но японцы не дают в долг даже своим родителям. Не умел планировать дела не то что на год – даже на следующий день. Слово «экономить» было для меня чужим – как только в кармане появлялись деньги, тут же бежал их тратить. Ей это было непонятно абсолютно: «Как?! Тебе 25 лет, а ты не умеешь обращаться ни со своей жизнью, ни со своими деньгами! У нас так не ведут себя даже дети».

Когда мы сыграли свадьбу в Казахстане и приехали в Японию, денег у нас не было совсем. Чтобы снять квартиру, пришлось работать в нескольких местах. Когда я говорил, что позвоню в Казахстан (пусть родственники вышлют денег), жена запрещала даже заикаться об этом. Теперь это вошло в привычку: я не занимаю никому. «Какой ты стал жадный. Ты что, забыл, что мы вместе росли?», – говорят мне друзья.

Однажды, на заре нашей совместной жизни я спросил у жены, что мне делать, если друг попал в беду и он нуждается в деньгах? Она мне объяснила как ребенку: «Если он взрослый и здравомыслящий человек, то почему не отложил деньги для такого случая? Это первое. Второе: почему не застраховался?».

По японским понятиям каждый человек сам должен решать свои проблемы. Если начал кого-то напрягать, это не есть хорошо. Я это начал понимать, только прожив здесь больше десяти лет. Моя жена с трудом, но тоже научилась понимать меня и даже чуть-чуть перенимать мои казахские привычки.

**– Например?**

– Например, раньше она строго следовала режиму. В 21.00 вся семья должна быть в постели. Сейчас же она может лечь в 21.30, потому что у меня перед сном начинаются отечественные движения – я зову жену попить чаю или кофе. И она соглашается! Я ее пристрастил к черному чаю.

Еще я повлиял на жену тем, что она, так же, как и я, стала делать незапланированные покупки. В Японии каждая семья обычно заносит месячные расходы в блокнот. Подбив в конце месяца баланс, жена как семейный бухгалтер, отчитывается перед главой семейства, своим начальником. Например, если мы решили купить новую машину через два года, то должны экономить уже сейчас. Это здесь обычное дело, а у нас, казахов, ведь как? Позвоню отцу, братишке, друзьям – попрошу денег в долг. Если откажут – возьму кредит.

### УМОМ ЯПОНЦЕВ НЕ ПОНЯТЬ

– В Японии не любят обращаться за деньгами в банк, хотя здесь очень низкие проценты: для покупки квартиры – где-то от 0,03 до 0,08% годовых, для домов – чуть побольше, но до 0,1 тоже не доходит; для машины – 0,3%, – продолжает Абдыгали. – Для казахов это слишком сладко, а в глазах японцев банк – грабитель. Они предпочитают покупать все за свои деньги. Ради этого, считают они, стоит экономить. И на счетах у них всегда есть деньги. Там не бывает такого, чтобы, не дай Аллах, попал в ситуацию – заболел (например, раком), и чтобы не на что было лечиться. Кстати, в этой стране процент таких больных очень высок. И какой бы тяжелой ни была ситуация, в Японии никому и в голову не придет обратиться в социальных сетях с призывом: а давайте соберем деньги и спасем человека. Такому чудаку наверняка скажут: «Ты что – идиот? Где твои сбережения? Почему не застраховался от несчастного случая?»

В Японии действительно ни один человек не голодает. Но интегрироваться в общество, где много всяких правил и условностей, иностранцам, особенно нам, свободолюбивым казахам, сложно. Это даже не другая страна, это другая Вселенная, где все перевернуто с ног на голову. Поэтому

большинство казахстанцев, которые обучались там, не остаются в Японии. Иногда хорошо, но чаще с горем пополам они знают язык, но Японию не познал до конца даже я, отец двоих полуказахских-полуяпонских детишек, который прожил здесь больше 10 лет.

### КАЗАХ И ВОЛЯ

То, что для нас, казахов, считается нормальным, для японцев, по словам Абдыгали Ади, верх неприличия.

– Здесь, например, принято останавливаться в доме только у родителей, и в очень редких случаях – у родственников, – рассказывает он. – Когда моя младшая сестра училась в Токио, то она, не зная этих правил, по нашей казахской привычке приезжала к нам в гости без предупреждения. А здесь это категорически не принято. Нужно заранее, недели за две-три, предупредить об этом. И вот моя сестренка приехала к нам сюрпризом. Жена приходит с работы, открывает дверь, а та, расположившись по-хозяйски на кухне, пьет чай. Моя же вторая половинка, как истинная японка, не показала виду, что она в шоке. Напротив, сделала такую радостную мину, что сестра ничего и не заметила.

**– Вы сами или ваша жена хоть раз пожалели о том, что создали семью?**

– Я думаю, все-таки один раз она пожалела. Как бы правильнее и тактичнее выразиться, это все-таки очень личное... Речь идет о нашей свадьбе в Казахстане. Она была классической, казахской, безбашенной, мутной, с сильно пьяными гостями, с неизвестно куда девшимися деньгами, подаренными на свадьбу. Моя молодая жена никак не могла понять, как такое возможно на очень серьезном, можно сказать, самом главном событии в ее и моей жизни. Все прошло не так романтично, как она себе представляла. Теперь, прожив с казахом треть своей жизни, Айко готова к любым неожиданностям. А тогда она не знала, что мы, казахи, так относимся не только к деньгам, но и вообще к любым организационным моментам.

**– А как вы узнали, что она пожалела о том, что вышла замуж за казаха? Она ведь не была тогда еще испорчена нашей казахской прямотой.**

– Я услышал ночью, как она плакала. Конечно же, я сразу понял причину этих слез.

**– А вы сами ни разу не пожалели?**

– Честно? Первый год жизни в Японии стресс и депрессия были такой силы, что мне было наплевать на собственную жизнь. Все не нравилось, ничего не получалось, на работе было плохо, чужая страна душила меня. Жена пыталась успокоить и поддержать морально, а я не понимал, что она хочет от меня. Я просто дико рвался домой, Японию с ее странными правилами ненавидел. Потом узнал, что такой период бывает у каждого человека, кто попал сюда с постсоветского пространства. Сейчас я очень хорошо понимаю тех, кто еще ничего не зная об этой стране, хает ее. «Почему я, вольный казах, должен следовать их правилам? Выполнять, например, что-то сгоряча обещанное?» – говорил я жене без зазрения совести. – «Тогда не надо обещать». То же самое касалось и денег. Пока она заканчивала учебу в Китае, забыв о ее наставлениях, мог занять их у ее родителей и не вернуть, тоже ссылаясь на потом. Я страдал! «Зачем мне надо было жениться на японке? – рвал на себе волосы. – Зачем сюда приехал? Жрал бы лучше мясо, отрастил бы пузо, жил бы в кредит и, как среднестатистический казах, умер в 56 лет от тромбоцитов, холециститов и холестерина! Зато – дома, в Казахстане!»

Плюс мама стала переживать: «Что случилось, балам?! Курсун эту Японию. Возвращайся! Если она (Айко) не хочет в Казахстан, бросай! Найдем казашку, еще раз женим!» Моя семейная жизнь висела на волоске. Но я сумел пройти через ад первого года и как Феникс восстать из пепла. Как я все-таки адаптировался? Есть одно простое правило: чтобы страна открылась для тебя, нужно ее постараться понять, а через это придет любовь к ней. Но 99% иностранцам, особенно из СНГ, почему-то легче не принимать страну, чем понять ее. Живут здесь, пользуются ее благами и хают, хают эту страну. А почему? Потому что здесь нельзя врать, давать пустые обещания, шуметь после 21.00, бросать мусор, плевать, здесь не дают в долг и надо самому брать ответственность за свою жизнь...

### РАНЬШЕ ДУМАЙ О РОДИНЕ

**– А что все-таки остановило от возвращения домой?**

– Цель! Некоторые думают, что я женился на японке и эмигрировал, чтобы кайфовать в Японии. На самом деле здесь не все так классно. Да, на родине моей жены все создано для блага людей. Законы работают, как часы, взяток не берут, но если не пахать за троих, – не выживешь. Но моя цель другая. Я не собираюсь оставаться здесь навсегда. Хочу обучиться чему-нибудь, чтобы потом внедрить это нечто японское в Казахстане. Первый мой опыт – это перепелиная ферма под Каскеленом. Второй мой проект находится на стадии разработки. Первый проект не то чтобы потерпел крах, но у нас, в Казахстане, как обычно делается бизнес? Партнеры дружно и с энтузиазмом начинают вместе, а через месяц все переругались, потому что каждый тянет одеяло на себя. Это – эпизод из моего личного опыта. Теперь я решил все, от начала до конца, делать на свои деньги, сейчас собираю капитал.

Все думают, что я тоже стал японцем. Но нет, я как был казахстанцем, так и остался им. Если была бы возможность двойного гражданства, я бы взял и японское. Такие мысли посещают не только меня, но и жену тоже. Конечно, для нее Казахстан – это ужас в плане здравоохранения и других социальных благ, но она считает, что дети должны прочувствовать историческую родину. Они, конечно, ездят каждые год-два на две-три недели в Казахстан, но этого мало. Надо как минимум год. Своим детям, Канату и Нурие, я стараюсь максимально передать свое казахское. Разговариваю на родном языке, когда они отвечают по-японски, делаю вид, что не понимаю. В мое отсутствие жена включает им казахскую речь. Ради них вызываю сейчас в Японию маму, чтобы она побольше общалась с внуками на родном языке.

**Сара САДЫК**
*camonitor.kz, 20.02.2018*
*(в сокращении)*

№12 (778), 26 наурыз, 2018
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

Мугамила Мухтаркызы

# МАТЕРИ – ПУТЕВОДНЫЕ ЗВЕЗДЫ МУГАМИЛЫ АУЕЗОВОЙ

**«Шел 1932 год. Я как обычно готовила пищу для отца, который сидел в тюрьме. Когда я мыла посуду, во двор заехала неказистая арба. Человека, сошедшего с нее, я сразу узнала издалека. Отец! Я побежала к нему навстречу. Он обнял меня и сильно прижал к груди. Мы встали, как вкопанные, и оба заплакали...» (здесь и далее перевод с казахского – Б.О.).**
**Тогда еще никто не знал, что этой девочке, плакавшей от радости в объятиях отца, еще предстоит пережить немало невзгод. Что она напишет самую интересную книгу воспоминаний о своем отце – великом писателе и ученом Мухтаре Ауезулы – «Тұңғышы едім әкемнің...» («Я была первенцем отца...»). И будет считать своей матерью... пятерых женщин. Она так и пишет, называя каждую «мама»... Мама Райхан, мама Камила, мама Капажан, мама Валентина, мама Фатима.**

Начну с самого начала. Волею судьбы мой отец, ученый Асильхан Оспанулы, стал последним аспирантом Мухтара Ауезулы (так по казахской традиции писал писатель в начале прошлого века свою фамилию, поэтому я буду придерживаться этого варианта). В дневнике отца было написано: «1959 г., 14 октября. Сейсенбі. Сағат 4-те институттың ғылыми кеңесінің мәжілісі болып, біздерді, биыл түскен аспиранттарды жетекшілерге теліді. Маған Мұхаңның өзі жетекшілік ететін болды – Қандай бақыт десеңізші осының өзі! – 1959 г. 14 октября. Вторник. В 4 часа

состоялось совещание института, в котором нас, аспирантов, поступивших в этом году, распределили по руководителям. Моим руководителем будет сам Мухтар Ауезулы – какое же это счастье!»

Рассказы отца о своем научном руководителе глубоко засели в моем сознании. Временами было такое ощущение, будто я готовлюсь к встрече с самим великим писателем. И я стал собирать о М.Ауезулы все – книги, статьи, фотографии.

Недавно в мои руки попала маленькая книжица о писателе. Но, как оказалось, в ней было очень большое содержание. Книга называлась «Тұңғышы едім әкемнің...» («Я была первенцем отца...»). С обложки на меня внимательно смотрела автор книги, женщина с мудрым взглядом – Мугамила Мухтаркызы. Прочитав книгу, я удивился, как мог переживший столько невзгод человек прожить 91 год?!

Есть такое понятие – долголетие. Но не каждая долгая жизнь бывает такой, о которой нужно рассказывать дольше, чем сама прожитая жизнь. Да, да, чтобы рассказать о жизни Мугамилы Мухтаркызы, нужно куда больше лет. Но великая дочь великого Мухтара Ауезулы недаром была его первенцем. Она нашла в себе дар повествователя и вместила целую эпоху истории Казахстана в 132 страницы своей книги. В книге говорится о многом и о многих... Я лишь хочу обратить ваше внимание на пятерых женщин, которых она считала своими матерями. Да, люди привыкли думать, что мать у каждого человека бывает одна единственная. Но судьба – своеобразный режиссер. И жизнь дочери Мухтара Ауезулы показала, что ее с детства оберегали великие женщины.

## РАЙХАН

Мугамила Мухтаркызы пишет: «Моя мать Райхан была единственной дочерью среди шести братьев. Ее отец был Какен из подрода Торгай рода Тобыкты. Она была засватана за сына волостного из соседнего аула. Но свадьбе не суждено было случиться. Сын поэта Абая Турагул обратился к своему другу с просьбой отдать дочь за Мухтара. Не сумев отказать своему лучшему другу, Какен расторгает договоренность с волостным. И Мухтар женится на Райхан. ...В 1917 году казахский театр впервые поднял свой занавес пьесой «Енлик – Кебек», написанной молодым двадцатилетним писателем. Именно в это время мой двадцатилетний отец женился на моей матери Райхан.

Но брак вскоре распался, и по решению народного суда сына оставили отцу, дочь – матери. Но отец, сказав, что прогуляется, посадил перед собой на коня дочь и ускакал прочь от аула. Поиски ничего не дали. Таким образом, я и маленький Шокан, который впоследствии скончался, мы оба остались с отцом».

## КАМИЛА

От второй жены Камили у М.Ауезулы было двое дочерей: «Камила, наверное, очень любила Мухтара, потому всю свою материнскую любовь отдавала мне без остатка. Она стала мне матерью вместо моей родной мамы Райхан. Много времени я так и думала, что Камила – моя родная мать.

Двое дочерей Камилы умер-

Первая жена Мухтара Ауезулы Райхан Какенкызы, мать Мугамилы

Камила, Мугамила, Мухтар Ауезулы

ли во младенчестве. Потеряв детей, Камила страдала от того, что не смогла покормить их своим молоком. И ее груди сильно опухали. Из-за боли она не могла найти себе места. Когда ей было совсем невмоготу, она звала меня. Я высасывала молоко из ее груди и выплевывала в пиалу. Бывало, и проглатывала ее молоко. Иногда мои зубы нечаянно причиняли ей боль. Она сильно мучилась. А я ведь ребенок совсем, утешала как могла и повторяла: «Не плачь мама, не плачь».

...Сохранилось фото, которое было снято в то время. Мне четыре или пять лет. Я стою рядом с отцом. Рядом с ним сидит мама Камила».

На этой фотографии можно увидеть и других персонажей этой истории. Справа от Камилы сидит Ахметбек, рядом с ним – женщина, которой было суждено стать третьей матерью маленькой Мугамилы...

## КАПАЖАН

Отец забирает дочь в Семей. И с Мугамилой живет в доме своего давнего друга. Ахметбек Шикибаев был одним из тех, кто был гостем на «шильдехана» – тое, устроенном по поводу рождения Мугамилы. Именно Ахметбеку и его супруге Капажан было суждено сыграть особую роль в жизни первенца писателя.

Через некоторое время Мухтар Ауезулы уезжает на учебу в Ленинград и оставляет дочь на попечение у друга. У четы Шикибаевых своих детей не было. Ахметбек с молодой женой очень хотели иметь детей. Он продолжительное время лечит жену от бесплодия у лучших врачей не только Семея, но и Омска и Томска. Но это не принесло положительных результатов. Капажан и Ахметбек очень полюбили Мугамилу. Особенно Капажан прикипела душой к девочке и стала ей, как мать. И Ахметжан принял Мугамилу, как свою дочь. Ахметбек и Капажан любя называли девочку «Мугаш».

«Оказывается, я в первое время плакала не переставая. Все твердила: «Хочу к маме. Хочу к маме Камиле». Вот тогда-то Капажан и разъяснила, что Камила мне не родная мать. Потихоньку я входила в объятия этого дома, и полюбила Капажан, как родную мать. «Кампит аға», так я называла Ахметбека. Я каждый вечер встречала его у ворот. Он приносил мне конфеты, завернутые в разноцветные фантики».

Из Ленинграда регулярно приходили письма. После учебы М.Ауезулы приезжает в Таш-

Капажан, жена Ахметбека Шикибаева, друга М.Ауезулы

кент, о чем он тоже известил в письме. К тому времени чета Шикибаевых решает удочерить Мугамилу. Они очень хотели иметь своего ребенка и, наверное, думали, что М.Ауезулы будет не против. «Не получив разрешения моего отца, Ахметбек известил своих родственников: «Я стал отцом. У меня есть дочь. Приедем летом. А вы встречайте нас торжественно». Так и случилось, когда мы поехали. Родичи в ауле провели большой той.

№12 (778), 26 наурыз, 2018
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

Нас встретили очень хорошо, все было как в сказке».

Тогда супруги Шикибаевы не знали, что скоро этой сказке придет конец... Ахметбек отдал девочку в школу. Но в это время к нему домой приехал один человек. У него было письмо. Это был Елдес Омаров – один из казахских интеллигентов, друг Мухтара Ауезулы. Он все рассказал, что М.Ауезулы женился на русской. Девочку ждала встреча с четвертой матерью.

Шикибаевы не хотели расставаться с Мугамилой. Ахметбек в сердцах сказал: «Мугаш не знает русского языка. Как она будет объясняться с русской женой отца? Что будет с учебой, в Ташкенте нет казахской школы, а она не знает узбекского языка?!»

Сама Мугамила Мухтаркызы вспоминает: «Считавшая меня своей дочерью мама Капажан плакала, вместе с ней плакала и я. С одной стороны я не хотела с ними расставаться, с другой стороны сильно желала увидеть отца, но все равно плакала. Не передать словами, как я любила отца. У него не было дома, но в такое трудное время он всегда любил меня и хотел видеть меня рядом. Он никому меня не отдал. Ни родной матери Райхан, которая проливала по мне слезы, ни Камиле, которая тоже надеялась, что если я останусь с ней, то Мухтар вернется к ней. И даже оставляя меня у других, мой отец не переставал быть отцом».

Елдес Омаров, несмотря на недовольство супругов Шикибаевых, забирает девочку и едет в Ташкент. Так судьба знакомит девочку с женщиной, которая должна была стать ее четвертой матерью. Мугамила Мухтаркызы: «Теперь мое воспитание продолжилось по-русски. Я потихоньку начала привыкать к новой матери – Валентине Николаевне. Именно в ту пору нашу семью постигло самое страшное.

Отца арестовали в 1930 году. Сперва его посадили в тюрьму в Ташкенте. Потом перевели в Алма-Ату. Когда начали арестовывать лучших сыновей казахского народа, в тюрьмы начали сажать и их жен. Мама Валентина Николаевна в это время, взяв Лейлу, уезжает в Ленинград. У нее не было другого выхода. Я же осталась в Ташкенте. Даже не могу представить, как бы сложилась моя дальнейшая жизнь, если бы не друг отца Алькей Маргулан, в будущем большой ученый. В то суровое время он не побоялся людской молвы. Вот, мол, заботится о дочери Ауезулы.

Алькей Маргулан решает отправить Мугамилу в Алма-Ату, все-таки она там будет ближе к отцу. Находит адрес переехавшего к тому времени в Алма-Ату Ахметбека Шикибаева и пишет ему письмо о том, что Мугамилу отправляет к нему. Выслушав просьбу А.Маргулана, сердобольная проводница поезда соглашается присмотреть за девочкой во время поездки. Но в Алма-Ате девочку никто не встретил...

«Алма-Атинский вокзал тогда был что-то вроде маленькой станции. Вокзальный милиционер увидел, что я, маленький ребенок, целый день хожу одна. Позвал меня и завел в свою будку. Так я четыре или пять дней

*Валентина Николаевна и Мухтар Ауезулы*

прождала в милицейской будке Ахметбека Шикибаева, кого в детстве называла «Кампит аға». Однажды на дежурство снова заступил тот самый милиционер, который меня и привел в свою будку. Он увидел меня и сказал: «Ты что, до сих пор сидишь здесь? Ладно, после дежурства сам тебя отведу к твоему дяде». В это время к вокзалу подъехал на телеге один человек. Это был Ахметбек аға. Видать, письмо, написанное Алькеем Маргуланом, он получил поздно. Увидев меня, он заплакал: «Ой, милая, как ты доехала?». Он поблагодарил милиционера за все и повез меня к себе домой. ...Увидев меня, мама Капажан обняла меня и горько заплакала. Я могу только догадываться, что она чувствовала. Наверное, она вспомнила, как мечтала меня удочерить, так как я всем своим видом напомнила ей обо всем и ненарочно причинила боль ее материнскому сердцу. Она все плакала и долго не могла успокоиться».

Мугамила снова живет в доме друга своего отца. Ахметбек и Капажан, как и прежде, относились к девочке, как к родной дочери. Началась другая жизнь. Может быть, это было самым трудным отрезком жизни Мугамилы. Маленькой девочке предстояло каждый день ходить далеко пешком, чтобы относить передачу отцу в тюрьму.

«Через несколько дней после приезда в Алма-Ату я должна была пойти в тюрьму, которая находилась на окраине города в одноэтажном здании. Она находилась по нынешной улице Толе би 228 и тогда называлась исправдом. Это там, где сейчас находится микрорайон Тастак. У тюрьмы стоит длинная очередь людей, пришедших на свидание к заключенным. Никому нет дела до меня. Только спрашивают: «К кому пришла?». Отвечаю: «К отцу». Люди, жалеючи, мне говорили: «Ладно, айналайн, проходи».

Дорога всегда была в грязи. Зимой я в тюрьму отправлялась далеко до рассвета. А летом шла часов в 11-12. Запомнилось, что многие, кто тогда водили телеги, были уйгурами. Видя, что я иду пешком, они жалели меня и говорили: «Садись в телегу». Потом, увидев, что я засыпаю, заботливо усаживали меня среди мешков, чтобы я не упала.

10 июля 1932 года в газетах «Социалды Қазақстан» и «Казахстанская правда» была опубликована статья отца с названием «Әуезұлы Мұхтардың хаты» («Письмо Мухтара Ауезулы»). Ныне известно, что именно после этого письма отца освободили из тюрьмы».

**ВАЛЕНТИНА**

Как бы ни было тяжело, но Ахметбеку и Капажан Шикибаевым снова пришлось расстаться с Мугамилой. «После того, как отец вышел из тюрьмы, Ахметбек аға снова высказал свою просьбу оставить меня у себя, но отец не согласился. Я хоть и стала жить с отцом, все же часто ходила домой к Шикибаевым. Мама Капажан и Ахметбек аға во мне души не чаяли».

М.Ауезулы устраивается на работу в театр драмы. И отправляет Капажан и Мугамилу отдохнуть на курорт «Аул». «Пока мы отдыхали на курорте, отец вызвал из Ленинграда Валентину Николаевну и Лейлу. Мама Валентина преподавала русский язык в зооветеринарном техникуме. Я присматривала за сестренкой Лейлой. Рядом была семилетняя школа №8 имени Демьяна Бедного. Тогда и пригодилась справка, которую мама Валентина получила для меня, когда жили в Ташкенте. Директор школы, русский мужчина, хорошо встретил нас. Мой отец подробно рассказал ему обо мне, на что директор школы сказал: «Я предупрежу классного руководителя седьмого класса. Ваша дочь будет часто приходить на консультацию».

После того, как отец вышел из заключения, можно сказать, я стала баловнем нашей семьи. Валентина Николаевна всегда поддерживала меня и во всем была моей опорой. Я тоже старалась не показывать, что я не родная. Так и жили. Отец занялся творческой деятельностью и приступил к претворению своих больших произведений».

**ФАТИМА**

«Благодаря моим матерям, которые вырастили меня в заботе так, что я не знала, что такое сиротство. Я прошла через разные жизненные испытания. Мне исполнилось восемнадцать лет».

После окончания педагогического техникума, Мугамила выходит замуж за Бокебая, племянника Ахметбека Шикибаева. Мугамила и Бокебай по долгу службы живут и работают в разных областях Казахстана. У них рождаются дети – сыновья Нариман, Бахтияр и дочь Гулжахан.

Через много лет, в 1943 году Мугамила находит свою родную мать Райхан. Отныне первая супруга великого писателя живет с дочерью, зятем и с внуками. Жизнь стала налаживаться. Но Мугамила не знала, что судьба приготовила еще один подарок.

Жизнь – сложная штука. М.Ауезулы дружил с поэтом Ильясом Жансугурулы и часто бывал в его доме. Хорошо знал его супругу Фатиму. Когда поэта объявили «врагом народа» и арестовали, Мухтар Ауезулы всячески помогает семье друга. Через некоторое время между ним и Фатимой Габитовой появились взаимные чувства и на свет появился сын.

*Фатима Габитова*

«Судьба меня свела с еще одной матерью – Фатимой Габитовой. Мы тогда жили в Талгаре. Иногда с мужем, иногда одна я по делам часто выезжала в Алма-Ату. Во время одной из таких поездок я познакомилась с мамой Фатимой. Друг о друге мы были наслышаны давно. Она меня узнала сразу. И, улыбаясь, сказала: «Не ты ли тетя моего Мурата?». Мой брат Мурат и я были очень похожи на нашего отца.

После близкого знакомства я пригласила ее в гости в Талгар. Мы хорошо встретили маму Фатиму и Мурата. В тот вечер было много воспоминаний. Сказано было немало. Тогда я сказала: «Отец с помощью пера прославляет нашу страну. Конечно, мы пережили много трудностей. Но, оказывается, за тяжелым приходит хорошее. Вот и мы с вами встретились. Вы мне подарили такого золотого брата Мурата. А я сегодня нашла еще одну свою маму.

Так мы стали очень близкими и часто встречались. Мама Фатима купила два новых велосипеда, один – Мурату, а другой – моему сыну Бахтияру. Они вдвоем, катаясь на велосипедах, часто ездили домой к моему отцу. Потом дома они

*Мугамила Мухтаркызы с внучкой Зере*

мне рассказывали о том, как все было. Мурат говорил: «Отец сказал так...» Бахтияр в свою очередь рассказывал о том, как их встретил дедушка».

Дорогой читатель, я постарался ознакомить вас лишь с некоторыми страницами большой жизни старшей дочери великого писателя М.Ауезулы Мугамилы Мухтаркызы. В книге «Тұңғышы едім әкемнің...» описана история жизни одной семьи и всей страны. Мугамила Мухтаркызы была достойной дочерью своего отца, Мухтара Ауезулы. Была человеком большой и красивой души. Всегда желала нашей стране процветания. И свое повествование она завершила достойными словами: «Ел аман болсын, ел іргесі әрдайым бүтін болсын!» – «Пусть страна наша процветает и пусть всегда царит мир!».

18 марта этого года исполнилось 100 лет со дня рождения Мугамилы Мухтаркызы.

**Бердалы ОСПАН,**
**культуролог**

# ДОМАЛАҚ АНА:

## ДЕРЕК пен ДАҚПЫРТ

*(Соңы. Басы өткен санда)*

Сопылықтың (суфизм) **негізгі кезеңдері** бар. Олар **«дегдарлық» (зухд),** яғни Абу Зар Ғифари сияқты сахабалардан бастап Хасан әл-Басриге дейінгі (-728ж), **тасауф (суфи),** яғни әл-Басриден Имам Ғазалиге (1055-1111) және осылардан кейінгі **тариқат** кезеңі деп шартты түрде бөлінеді. Кезеңдер сопылықтың тарих ішінде дамып, өзгерістерге ұшырауының ерекшелігіне қарай жіктелген. Имам әл-Кушайри былай депті: «Алла елшісі (с.а.у.) бақылық болғаннан кейін мұсылмандар «сахабалар» деген аттан өзге айдармен танылған жоқ еді. Өйткені, «сахаба» дегеннен артық дәреже де жоқ болатын. Кейіннен адамдар, мәртебелері де өзгере бастады. Сөйтіп, аса діндарларға «әз-зүhhад» (дүниені жүрегімен тәрк етуші), «әл-Ъүббад» (құлшылығы мол адамдар) делінетін болды. Одан кейін бидғаттар бой көтере бастады. Әр топ өздерін «зүhhад», «ъүббад» дейтінді шығарды. Сол кезде Аллаға шынайы беріліп, ғафылдықтың барлық жолдарынан өздерін сақтай білетін әhлү сүннетті ұстанатындардың озықтары «тасауф» есімімен ерекшеленді. Һижри бірінші жүз жылдықтың соңында аталмыш ұлыларға **«сопы»** деген нысбы кең қолданыла бастады».

Сонымен «дегдар» деген атты алушылар біздің өлкеде болмаған. Ал қожалардың түп аталары төрт халиф бола тұрса да біздің өлкеге келіп таралатындарының түп аталары Әбдірахым баб, Ысқақ баб және Әбдіжәлел баб. Бұл бабтар бұл жерге келген кезде (Х-ғасыр) біздің өлкеге «сәйідтер» әлі келе қоймаған. Оның үстіне бұл бабтар ұрпақтары ол кісілер дәуірлеген кезінде «қожа» атала қойған жоқ. **«Қожа» аталу софылық тарихаттың және Ахмет Яссауи ілімі дәріптеліп, қоғамға пайдасын тигізіп жатқан шақта, яғни Өзбек хан (1280-1341) мен Әмір Темір (1336-1405) заманынан (XIY ғасыр) бастау алады десек қателеспейміз.** Оған дейін дінбасылар да, патшалар кеңесшілері де тек ғана «сәйіттер» болғаны тарихтан белгілі. Бірақ кең жайылып бара жатқан ислам дүниесіне «сәйідтер» аздық қылғаннан соң Төрт халифтен тараған барлық ұрпақтар мен «Тарихат» мүшелеріне «қожа» атағы беріле бастаған. **Олардың да саны аздық қылған шақта «қожа» атағы қарадан шыққан өте білімді, қара суды теріс ағызатын ілімі бар зиялылар мен ұстаздарға және исмаилиттер бірлестігінің мүшелеріне берілген.** Тағы бір айта кетерлігі Әбдірахым, Ысқақ баб және Әбдіжәлел бабтармен бірге келген онмыңдаған, тіпті жүз мыңдаған араб әскерлері жергілікті халықпен араласып, сіңісіп кетті. Олардың Самарқан мен Бұхара аймағындағы аздаған топтарынан басқалары жергілікті халықтың ұлтының немесе руының атымен аталып кетті. «Қожа» емес арабтардың көбісі қазақ халқының арасына сіңісіп, тек ғана қазақтың тіліне емес, сонымен қатар ортазиялық түркі жұртының тілі мен болмысына өзгерістер әкелді.

Біздің түркі халықтарының ішінде қазақ тілінің фонетикалық құрылымы, әсіресе «ғ» дыбысты сөздерді артикуляциялау, дыбыстың айтылымы (акустикасы) арап тіліне көбірек келеді.

Қазақ лексикасының, әсіресе әдебикөркем тілінің отыз пайыздайы арап тілінен, он пайыздайы парсы тілінен енген. Бұл әрине тек ғана ислам діни кітаптарынан кірген дегенімізбен оны кіргізуші бір-екі білімдар қожа не араб емес. Оның негізі дінмен бірге қосарлана кірген арабтың көркем әдебиетімен қатар бабтармен келіп қазаққа сіңісіп кеткен олардың сахабалары мен шеріктері болуы да мүмкін.

Енді мақалада айтылған «тегі түрікпен Қара Қайдар», «Дихнат мама», «Инсаняти Дихнат маме» атты кітап» туралы айтатын болсақ, YII ғасырда «түрікмен» деген ұлт болмаған. Олар түркі текті Оғыз тайпасының құрамындағы салор, йомут, сарық, теке, чоудыр және т.б. рулар болған. Оның үстіне Қайдардың келген Ангрен қаласы XX ғасырдың елуінші жылдары Кеңес өкіметі дүрілдеп тұрғанда кенші-көміршілер (шахтер) үшін салынған жаңа қала. Ал түрікмендер туралы тарихты білгіміз келсе онда дәл сол мақалада көрсетілген Әбілғазы Баhадүрдің жазып кеткен «Түрікмен шежіресін» үзіп-үзіп, қысқа-қысқа үзінділер жасап, оқып көрейік: «...Оғыз елінің күншығысы – Ысық көл және Алмалық, құбыласы – Сайрам, Қазығұрт тауы, Қаражық тауы (Қаратау), темірқазығы – Ұлықтау, Кішіктау – мыс кені еді, күнбатысы Сыр суының аяғы, Йаңакент, Қарақұм...», «...Барша елдерден түрікменнің қалғанын шапты...», «...Мәуенахрға түскен түрікмендерді тәжіктер түріктер деп еді. Бес-алты ұрпақ өткен соң жердің, судың әсерімен шекелері қысық, көздері үлкен, жүздері кіші, мұрындары үлкен бола бастады. Түрікмен жұртына келіп отырған елдерден тұтқын, саудагер Мәуенахрға келе бастады. Оларды көріп тәжіктер түріктер деді, бұрынғы түріктерге түрікменд деп ат қойды, оның мағынасы – түрікке ұқсас деген. Қара халық **түрікменд** деп айта айта білмеді, сонан соң **түрікмен** деді...»

Бұл IX-X ғасырлар шамасы. Ал XI ғасырда түрікмендердің бір бөлігі Қаңлылармен және Селжуктармен (Оғыздың бір бөлігі) бірігіп, Парсыны, оңтүстік Кавказды, Кіші Азияны жаулап алып, сонда қалып кетіп, қазіргі Түркие мемлекетін құрды.

Жоғарыда айтылғандардан белгілі болып тұрғандай **YII ғасырда** Бәйдібек бабаның елінде түрікпен Қара Қайдар қайдан жүр? Оның үстіне Қайдар, Хайдар араби есім ғой.

Парсы тілінде «Дихнат» деген сөз жоқ. Осы жақында Шымкент қаласындағы Пушкин атындағы облыстық кітапханаға оқырмандармен кездесуге келген, Иран Ислам Республикасының Қазақстандағы Елшілігінің мәдениет орталығының жетекшісі және Елші кеңесшісі Масуд шейх Зейнуддийн мырзадан «Инсанят-и диhнат маме» деген сөзді қазақшаға немесе орысшаға тілмаш арқылы аударып беруін өтінген едім, маған берген жауабында ол: «Мен бұдан Инсаняти деген сөзді түсініп тұрмын, ол сіздердің түркі тілінде де бар «адамзат» сөзі ғой, ал мына «диhнат» сөзіне түсінбедім, бәлкім адамның аты болар. Мына «мама» сөзі де түркі сөзі» деп күлді де, «сосын біздер түркілер мен орыстар сияқты кейде анамызды осылай атаймыз» деп басын изеді.

Енді «Инсанят-и Диhнат маме» кітабы туралы айтар болсақ, Тараздық ғалым, жазушы-журналист Бақытяр Әбілдаұлының «Бәйдібек баба қашан өмір сүрген?» деген мақаласынан үзінді келтірсек көп нәрсе түсінікті болады. Ерінбей бұны да оқып көрелік: «...Домалақ ана атты кітап жазып (А,1991 ж.) жариялаған шымкенттік журналист, қазір марқұм Даниярбек Дүйсенбаевтың өзімен бірге осы кітапқа негіз болды деп көрсетілген Әбілғазы Баhадур ханның «Инсаният-и Деhнат маме» шығармасын іздеп Оңтүстік Қазақстан облысының бірнеше ауданын 1996 жылы, ал Тараздың 2000 жылдығы алдында сол кездегі Жамбыл облысының әкімі Серік Үмбетовтің демеушілігімен Тараз тарихына қатысты деректер іздеп Иранға барғанда «Дарулфонун» медресесінен және ұлттық кітапханаларынан «Инсаният-и Деhнат мамені» іздеп таба алмадық. Даниярбек Дүйсенбаев өз кітабында біз іздеген кітап «Дарулфонун» кітапханасында сақтаулы тұр деп жазған еді. Амал не, біз барғанда бұл кітапхана күрделі жөндеуге байланысты кітаптарын Теhрандағы басқа ұлттық кітапханаларға бөліп беріп жіберген екен... Бәйдібек баба, Домалақ ана туралы Әбілғазының «Инсаният-и Деhнат мамесі» әуелі 1653 жылы парсы тілінде, ал 1792 жылы сиқым-дулат Барлыбай Байсалұлының толықтыруымен Бұхара қаласында «Тауарих-и Диhнат маме» деген атпен бастырылды деген Даниярбек Дүйсенбаевтың жазғанын қаперге алып, 2005 жылы желтоқсанда Өзбекстанның Шығыстану институтынан, Бұхара университетінен, басқа да жерлерден бір апта бойы іздедік. Сол сапарда кәсіпкер Ақәділ Еркебаев бастап Ташкентте 1841 жылы Ақкүс Сатыпалдыұлы шығарған «Диhнат мама тарихы» сақтаулы тұр деген соң Ташкент облысы, Қыбырай ауданы Оңқорған қыстағында тұратын Балғабаевтарға бардық, олардың бірі Асқар деген жігіт басқа туыстарынан іздестіретінін айтқан соң таба қалған жағдайда жеңіл автокөлік және қазақ ретінде Оңтүстік Қазақстан облысындағы ағайын-туыстарына таяу көшсе, үй-жай алуға көмек беруге Ақәділ Еркебаев мырза уәде берді. Сондай-ақ Өзбекстан Шығыстану институтында 30 жылдан бері еңбек ететіндіктен сақталған қорды жақсы білетін байырғы ғалымдарына, Бұхара университетінің Тураев Халим басқаратын тәжірибелі шығыстанушыларға жолықтық. Осы экспедицияны ұйымдастырған тараздық кәсіпкер Ақәділ Еркебаев біз іздеген деректі тапқан ғалымға жеңіл автомобиль сыйлауға уәде етті...» Міне жоқты іздеп тапқанға сыйлық та бар. Бірақ бұл кітап табыла ма? Бес жүз томдық «Қазыналы Оңтүстік» кітаптар жиынтығынан да аты әйгілі «Инсанят-и диhнат маме»ні таба алмадық.

Менің пайымдауымша «домалақ» сөзінің төркіні тіпті басқа жақта жатыр. Бұл сөз анамыздың дін қағидаларын берік ұстауында, діни сауатын айналасындағы халыққа шашуында, сол кезге тән медресе ашып, елдің балаларын оқытуында және ақиқат жолын бек ұстап, адамгершілік тұрғыдағы халық алдындағы беделінде. Ондай адамдарды діни сөзбен «домуллаh» дейді.

Осы сөзіміздің растығына дәлел ретінде, ақпарат кеңістіктерінен, кітаптардан, т.б. құжат көздерінен көптеген мысалдар мен үзінділер келтіруге болады. Соның бірлі-жарымы: «...Бір кез әкесінің аты «Бердімбет бабасының Түркістанның өзінен **дамулла** алдырып, кітапқа қаратып, Мұртаза қойылғанынан қуат алып...» (Ш.Мұртазаев)

«...Известно, что понятие «домулло» (**домуллах**) служило в качестве почтительного обращения не только к учителю и преподавателю медресе, но и уважаемым знатным людям...»

Міне, осы келтірілген үзінділерден «Домалақ» сөзінің «Домуллах» терминінен шыққанына мен сенімдімін. Домуллах сөзі домалақ сөзіне айналуы оңай. **Оның үстіне қазір де, бұрындары да домуллахты дамыллах, домулла, дамылла, домла деп әр жерде әркалай айтып жүр.** Домуллахтың домулла болып айтылуы «Аллах» сөзінің «Алла» болып айтылуындай. Әбілдә, Абдулла, Әбділда есімдерінің түп атасы Абдуллах. Арабша «Аллахтың құлы». Араб сөздерінде әсіресе фонетикасында қазақшаға ұқсамайтын айтылу бар. Ол «h» әрібі сөз басында келсе онда ол әріп оқылмайды да, оның орнына орыстың «ь» (мягкий знак) оқылады. Сонда Ғосман, Ғали сөздері ьОсман, ьАли болып айтылады. Ал «h» әрібі сөздің соңында келсе, орыстың «твёрдый знагі» оқылады, яғни Абдуллаh Абдуллаь болады. «h» дыбысын айтып жеткізу өте қиын. Ол қазақ әліпбиіндегі «h» емес, бірақ ұқсас. Оны айтарда бірден тоқтап жөтел қысқандай жағдайда болады. Өңештің қолқаға түйіскен жерімен айтылатын сияқты. Меніңше, оның айтылуын құлақпен тыңдамасаң сөзбен айтып жеткізуге сөз қоры жоқ.

Ал енді қасиетті Нұрила анамыз қай кезеңде өмір сүрді? Бұл енді өте қиын сұрақ. Онсыз да тарихшылар, зерттеушілер, ғалымдар, жазушылар, халық қалаулылары, шежірешілер, журналистер, ауызы дуалы да дуалы емес те шал-шауқан, ақсақал-көксақалдар және не жазарын білмейтін еріккендер ақпарат пен әдебиет майданында найзаласуда. Бір топ оларды ислам заманында екінші топ исламға дейінгі дәуірде өмір сүрген дейді. Деректерге сүйенсе қайқайсында да қайшылықтар бар. Оны жазушы Еркінбек Тұрысовтың мына: «...Міне, көріп отырмыз, бірі алыс ғасырларда өткен, екіншісі кешегі замандасымыз берген екі автордың екі кітабы (Қ.Тауасарұлы, «Түп-тұқияннан өзіме шейін», Д. Дүйсенбаев «Домалақ ана»). Екі кітаптағы Бәйдібек жылнамасының арақашықтығы жер мен көктей, аз, кемі жоқ 647 жыл. Кімдікі жөн? Қайсысын ұстанамыз?» деп айтқанынан-ақ байқауға болады.

Ал менің бұл мақаланы жазған себебім ақпарат кеңістігінде қисынды-қисынсыз тұжырымдар, дүдамалдар, бал ашулар қаптап кетуде. Онысы орыс тілдерінде де, осында шеттен келетін саяхатшыларға берілетін ақпараттарда да жүр. Ондағы қисынсыз мақалаларды жойып, рухани жаңғыру жолымен, қазақ тарихын шын ниетпен, ақ көңілмен дұрыстап зерттеу керек дегенді айтқым келді...

**Әбдінағым КӨШЕРОВ**




Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

## ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

*Ауылдан келген бір жігіт асханаға кіріп, мантыға тапсырыс береді. Даяшы жігіттің қалаған асын алдына әкеліп қойғанда, анау бір мантыны кесіп жібереді де:*
*– Мәссаған, – дейді таңғалып.*
*– Не болды?*
*– Әйеліме манты жасашы десем, ылғи ет жоқ деп отырады. Бұл пәлені пиязбен де жасауға болады екен ғой.*

***

*Редактор: – Бұл өлеңді өзіңіз жаздыңыз ба?*
*Жас ақын: – Иә, өзім жаздым.*
*– Танысқаныма қуаныштымын Мұқағали Мақатаев. Мен сізді әлдеқашан өліп қалған шығар деп жүр едім.*

***

*Екі жігіт сөйлесіп отыр.*
*– Сен білесіңбе, біздің мұздатқышта біреу бар сияқты.*
*– Әй, қойшы!.. Мүмкін емес.*
*– Кешке жақын менің әйелім барлық тамақты мұздатқышқа тасиды.*

***

*Отағасы қатты ашуланады:*
*– Түсінем, сен 18-ге толдың, бірақ мынадай жалбыраған шашыңмен, қысқа етек көйлекпен, құлағыңдағы салпаңдақ сырғамен, бетіңдегі баттасқан опа-далаппен мен сені туған күн кешіне жібере алмаймын, ұлым...*

***

*Екі қайыршы кездесіп қалады:*
*– Осы сен жуынбайсың ғой деймін.*
*– Неге, тамақтанғаннан кейін міндетті түрде жуынамын.*
*– Онда дұрыстап тамақтанбағаныңа біраз күн болған сияқты ғой...*

***

*Таныстар кездесіп қалады:*
*– Қалайсың, өткенде балаңды скрипка мектебіне беремін деп едің...*
*– Қабатты үйде тұрамын ғой, қабырғалас көршілер рұқсат бермей қойды...*

***

*Үйіне түнделетіп мас күйінде оралған күйеуіне әйелі:*
*– Жын-шайтандарыңмен қаңғырып болдың ба?*
*– Өй, сен менің олармен жүргенімді қайдан білесің?*

***

*Бір жігіт досына телефон шалып тұр:*
*– Қалайсың, Беке, менің әйелімнің аяғы ауыр екен!*
*– Сен не, масқара, соған менің қатысым бар деп ойлайсың ба?!*

№11 санда шыққан сөзжұмбақтың жауабы

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ш | ■ | А | М | М | А | Н | ■ | ■ | ■ | А | ■ | А | ■ | Е |
| Ы | ■ | ■ | А | ■ | ■ | Ұ | ■ | А | Қ | Т | А | Л | А | Р |
| М | ■ | И | З | У | М | Р | У | Д | ■ | Т | ■ | Х | ■ | М |
| К | Л | О | Д | ■ | Е | Л | ■ | А | Т | А | К | А | М | А |
| Е | ■ | Д | А | К | К | А | ■ | ■ | А | Ш | І | Ш | Е | К |
| Н | ■ | ■ | ■ | ■ | И | Н | Ж | Е | Н | Е | Р | ■ | Х | ■ |
| Т | Е | Г | Е | Н | Е | ■ | А | ■ | Т | ■ | М | А | И | Н |
| ■ | В | ■ | Р | ■ | Н | О | Қ | Т | А | ■ | Е | Л | К | А |
| Т | А | И | М | ■ | ■ | Қ | ■ | Е | Л | І | ■ | И | О | Н |
| ■ | ■ | М | А | С | Қ | А | Р | А | ■ | ■ | ■ | Е | ■ | А |
| ■ | ■ | А | Н | Т | И | ■ | ■ | Т | Р | А | М | В | А | Й |
| Г | Е | Н | ■ | А | Т | С | ■ | Р | И | З | А | ■ | Б | ■ |
| И | ■ | А | Л | М | А | Т | Ы | ■ | М | А | Н | Д | А | Т |
| Д | О | С | ■ | Б | Р | А | ■ | ■ | ■ | Р | А | И | С | А |
| Р | ■ | О | ■ | У | ■ | Қ | А | П | ■ | Д | С | П | ■ | Н |
| А | А | В | ■ | Л | ■ | А | Қ | А | Л | А | ■ | Л | А | К |
| ■ | Р | ■ | Қ | ■ | А | Н | И | Л | ■ | ■ | Д | О | П | ■ |
| В | Е | Н | О | К | ■ | ■ | Қ | А | З | ■ | И | М | А | Н |
| ■ | Н | ■ | З | І | Л | ■ | А | Т | А | Н | ■ | А | Л | А |
| ■ | А | Б | Ы | Р | ■ | И | Т | А | Р | ■ | О | Т | Ы | Н |

# Өз «жағдайыңызды» анықтаңыз...

**Атақты британ психологі Пип Уилсон жеңіл әрі жылдам тестті дайындап шығарды. Бұл арқылы адамның дәл қазіргі психологиялық-эмоциялық жағдайын анықтауға болады.**

Суретке қараңыз да өзіңіздің орныңызды анықтаңыз: дәл қай жерде отырған адам сізді еске салады? Суреттегі бейнеленген адамдардың өзіндік көңіл-күйі мен ішкі жағдайын бет-бейнесіне қарап аңғаруға болады. Қай адам сізге көбірек ұқсайды?

Таңдау жасап болсаңыз, міне тест нәтижесі:

• Егер таңдауыңыз 1, 3, 6 немесе 7-ге түссе, бұл сіздің мақсат қоя білетін әрі ешнәрседен қорықпайтын адам екеніңізді дәлелдейді.

• Егер таңдауыңыз мына нөмірлердің біріне түссе: 2,11,12,18 және 19, онда сіз адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатып әрі оларға қолдау көрсете аласыз.

• 4 санына таңдасаңыз, онды сіздің ерік-жігеріңіз мықты әрі қалағаныныңызға қиындықтардың бәріне төтеп беру арқылы жететініңізді көрсетді.

• 5 нөмірі – сіз жиі шаршайсыз әрі әлсіздікті сезесіз. Бойыңызда өмірлік күштің аз екенін көрсетеді.

• 9 нөмірін таңдасаңыз – көңіл көтергенді ұнататын жайдарлы адамсыз.

• 13 немесе 21 – өте тұйық екеніңізді дәлелдейді. Өзіңіздің ішіңіздегі қорқынышты жеңуге қауқарсыз адамсыз әрі адамдармен араласудан қашасыз.

• 8 нөмірі – өзіңіздің әлеміңізге саяхаттағанды, өзіңізге ғана аян қиялға берілгенді ұнатасыз.

• Егер 10 немесе 15 сандары сізді еске түсірсе – сіздің өміріңізде бәрі жақсы, өзіңіздің бағытыңызды дұрыс тапқаныңызды дәлелдемек.

• 14 – сіз жиі эмоциональді дағдарысқа ұшырайсыз.

• 20 саны таңдаған болсаңыз өзіңізді жоғары бағалайтыныңыз, туа бітті лидер екеніңізді аңғаруға болады.

• Таңдауыңыз 16 санына түсті ме? Өзгелерді қолдаудан шаршағаныңызды білдіреді.

massaget.kz

№12 (778), 26 наурыз, 2018

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

■ МЕЙРАМ

**Тек адамзат қана емес, табиғаттың да жасарып, бой түзейтін шағы – Ұлыстың ұлы күнінің баршамыз үшін орны ерекше. Рухани жаңғыру дәуіріндегі қазақ елі биылғы жылы Әз Наурызды айрықша атап өтуде. Республикамыздың барлық аймағында ерекше мән берілген осынау мерекеде күн нұрына бөленген елдің көңіл-күйі де көтеріңкі. Қазақстандықтарды Наурыз мейрамымен құттықтаған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Наурыз мейрамының түбінде біздің жаңа жылымызға айналатындығын тілге тиек етті.**

# Ұлыстың Ұлы күні ұлықталды

Бас қаламыз – Астанадағы мерекелік шаралардың бірі қала әкімдігінің алдындағы қалалық алаңда өтті. Салт-дәстүрімізге сай жабдықтармен жабдықталған киіз үйлерде мерекелік дастархан жайылды. Осы күні алаңнан табылған жастар мен ересектер алтыбақан теуіп қана қоймай, арқан тарту, асық ату сынды ұлттық спорт түрлерінен жарысып жатты. Армрестлинг пен гір көтеруден күш сынасқандар шараның көрігін қыздыра түсті. Саябақ аумағындағы спорттық аренада қазақ күресінен өткен сайыстарға еліміздің түкпір-түкпірінен келген спортшылар қатысып, жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталып жатты.

Астана тұрғындары мен қонақтарына наурыз көже, бауырсақ пен палау таратылды. Наурыз мерекесінде Елорданың Мемлекеттік академиялық филармониясының ұжымы, атап айтқанда Жаңабай Өтегенов, Гүлнұр Оразымбетова, Әсем Омарова, Ғани Жұмашева, Алекс Филатов, Нұрғали Тұрлыбеков, Марал Ками, Қарлығаш Әділбекова сынды вокалистер, «Сарыарқа», «Дабыл», «Диарт», «Дәуір», «Барыс» топтары шырқаған әсем әндер көпшілікті бір серпілтіп тастады.

Ұлыстың Ұлы күні Әз Наурыз – Жаңа жылымыздың алғашқы күні – 22 наурызда Алатау бөктеріндегі ажарлы қала Алматыға арайын төгіп-ақ тұр! Ұлттық киім кигендердің қарасы жылдағыдан көбейгені де көңіл сүйсінтеді. Еліміздің ең ірі мегаполисі саналатындықтан болса керек, Алматыда Наурыз кең көлемде аталып өтілуде. Жылдағы дәстүр бойынша қаланың барлық сегіз ауданында халықтық серуендер өткізілді. Қала жұртшылығы мен қонақтары «Астана» алаңы, Панфилов және Жібек жолы көшелері, Алатау ауданындағы Атлеттер ауылындағы «Алматы Аренада» ұйымдастырылған мерекелік шарадан табылып жатты.

Айтулы мейраммен құттықтаған Алматы әкімі Бауыржан Байбек наурыздың тарихына үңіле отырып, өзінің ақ тілегін білдірді.

«Астана» алаңындағы мерекелік шараға Роза Рымбаева бастаған «МузАРТ», «Дос Мұқасан» топтары қатысып, Үндістан, Өзбекстан, Иран, Ауғанстан мен Пәкістан, Қырғызстан елдерінен келген өнерпаздар өз өнерелерін ортаға салып, мейрамның кереметтей өтуіне өз үлестерін қосты.

Жібек жолы бойындағы ең ұзын «Құрақ көрпе» тігілген алаң көпшіліктің назарын өзіне аударды. Шеберлер құрақ көрпе тігуден «Гинесстің рекордтар Кітабының» жаңа рекордын жасау жолында да еңбек етуде. Ұлттық «Құрақ көрпенің» ұзындығы 25 мың шаршы метрден асады деп күтілуде.

Жиылған жұртшылыққа наурыз көже мен бауырсақ таратылып, «Әлем халықтарының тағамдары» фестивалінің аясында өзге ұлттардың тағамдарымен жете танысып, дәм татты.

Сондай-ақ, Алатау ауданындағы «Almaty Arena» стадионы маңындағы «Наурыз – бүкіл-әлемдік мәдени мұра» бағдарламасының да берері мол болды.

Осы күні Алматы қаласы әкімшілігінің Наурыз мерекесі мен Қазақстан Жазушылар одағының Наурызы қатар келгендігін де айтуға тиіспіз.

Жазушылар алдымен Алматы қаласы әкімдігі ұйымдастырған Наурыз мерекесіне қатысып, қала әкімі Бауыржан Байбектің мерекелік баяндамасын тыңдады. Тек мемлекеттік тілде жасалған баяндама маңыздылығымен бауырады.

Содан соң жазушылар Астана алаңынан аттам жердегі өз ғимараттарына келіп, өз Наурыз мерекесін бастады.

Жазушылар Одағы бұдан бұрын 1992 жылы ғана Наурыз тойын өткізіпті. Содан кейін 26 жылдан соң енді өтіп отыр екен.

Жазушылар Одағы тізгінін Ұлыстың Ұлы күні қарсаңында алған Ұлықбек Есдәулет қаламгерлерді Наурыз мерекесімен құттықтады. Мәдениет министрі Арыстанбек Мұхамедиұлының қаламгерлерді Наурыз мерекесімен құттықтауын Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Бауыржан Жақып оқып беріп, әр жазушыға табыстады. Ақсақалдар атынан Қабдеш Жұмәділ құттықтау сөзін айтып, Шерияздан Елеукен батасын берді. Белгілі күйші Секен Тұрысбек «Ақ жауын» оркестрімен күйден ақ жауын жаудырды. Маралтай, Аманғазы Кәріпжан, Ерлан Жүніс секілді ақындар жыр оқып, әнші-сазгер Қадырғали Көбентай ән шырқады.

Содан соң, қаламгер қауым Жазушылар одағы ғимараты алдына тігілген қос киіз үйге кіріп, мерекені жалғастырды. Наурыз көже ішіп, палау жеп, ақ тілектерін ақтарды.

Биылғы Наурыздың жылдағыдан ерекше тойланғандығын атап өттік. Осы күні Қазақстан рекордтар кітабындағы көрсеткіштердің жаңарғаны жоғарыдағы сөзімізді дәлелдей түссе керек.

Арбат алаңында 2000 литрлік сыйымдылықтағы, биіктігі 2,5 метрден асатын 1 кесеге сүт қосқан шай дайындалды. Сосын еліміздегі рекордтық ең үлкен кеседен тұрғындарға шай таратылып берілді. Алматыда Наурыз мерекесін тойлау әлі де өз жалғасын табуда.

Әз Наурыз мерекесі айрықша аталып өткен аймақтың бірі – Оңтүстік Қазақстан облысы.

Қазығұрт тауының бөктерінде ұйымдастырылған «Наурыз Қазығұрттан басталады» атты ауқымды шараға 1 500-ге тарта өнерпаз қатысты. Шара аясында 40-тан астам киіз үй тігіліп, ұлттық ойындарымыз кеңінен насихатталды.

Мерекелік шараның шымылдығы «Тіршіліктің бастауы – Қазығұрт» қойылымымен түрілді. Қойылым барысында 230 биші хореографиялық композиция арқылы жер жаһанды топан су басып, Нұқ пайғамбардың кемесінің Қазығұрт тауына келгенін баяндады. Мерекелік жиын бұдан әрі өзге де хореографиялық композициялармен жалғасын тапты.

Шара барысында Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев мерекенің мән-маңызына тоқтала отырып өзінің тілегін жеткізді.

Кең-байтақ қазақ даласының әрбір аймағы Жаңа жылымыз – Әз наурызды өте жоғары деңгейде қарсы алды. Қаймағы бұзылмаған салт-дәстүрімізді сақтай отырып, наурыздан наурызға аман-есен жете берейік!

**Гүлмира САДЫҚ**

**ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

***«Қазпошта» арқылы Жазылу бағасы:***

1 айға – қала – 299,29, аудан/ауыл – 317,93
3 айға – қала – 897,87, аудан/ауыл – 953,79
6 айға – қала –1 795,74, аудан/ауыл - 1 907,58
12 айға – қала –3 591,48 , аудан/ауыл - 3 815,16

**Меншік иесі:**
**«Қазақ үні» ЖШС**

**ҚАЗАҚ ҮНІ**

**Президент –**
**Редакторлар кеңесінің төрағасы –**
**Қазыбек ИСА**

**Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ**

**Бас редактордың бірінші орынбасары – Зейнолла АБАЖАН**
**Бас редактордың орынбасары – Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ**

**Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ**

**Бөлім редакторлары:**

Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Нұрлан ӘБДІБЕК (қоғам)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**
**Астана тілшілер қосыны:**
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)
**Ақмола облысы:**
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
**Арқалық қаласы:**
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)
**Алматы облысы:**
Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)
**Батыс Қазақстан облысы:**
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
(8-701-111-61-05)
**Жезқазған қаласы:**
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
**Сәтбаев қаласы:**
Абдолла ДАСТАН
(8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)
**Қарағанды облысы:**
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
**Қостанай облысы:**
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
**Семей қаласы:**
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)
**Маңғыстау облысы:**
Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)
**Оңтүстік Қазақстан облысы:**
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
**Түркістан қаласы:**
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

**Атқарушы директор –**
**Әзірет ЖАРЫЛҚАСЫН**

**Тарату бөлімі:**
**Алматыда:**
Асхат ТЕЗЕКБАЕВ (8-701-499-27-80);
(8-777-115-13-49)
**Астанада:**
Көбей ЖЕТІБАЙ (8-775-665-74-10)
**Шымкентте:**
Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

**Астанада «Алты Алаш»** (87015728847) дүңгіршіктерінде сатылады

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19.12.2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01.08.2000 жыл).**

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.
Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында бетталды

**АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 000**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

**Редакцияның мекен-жайы:**
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К.Сейітов көшесі, 11 үй

**Байланыс телефоны:**
8 (727) 398-57-31

**E-mail: qazaquni2000@gmail.com**
**www.qazaquni.kz**

**Кезекші редактор –**
**Айнұр АХМЕТОВА**

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АҒФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17

Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ., С.Мұқанов к., 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ